

## Қазақстан Республикасының мұнай өндіру саласын дамытушын 2025 – 2040 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 21 шілдедегі № 549 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының мұнай өндіру саласын дамытушын 2025 – 2040 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) бекітілсін.

2. Тұжырымдаманы іске асыруға жауапты орталық мемлекеттік органдар және өзге де ұйымдар (келісу бойынша) оны іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі жыл сайын 1 мамырға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Тұжырымдаманың іске асырылу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министри

O. Бектенов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2025 жылғы 21 шілдедегі  
№ 549 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасының мұнай өндіру саласын дамытушын 2025 – 2040 жылдарға арналған тұжырымдамасы

### 1-бөлім. Паспорт

Атауы	Қазақстан Республикасының мұнай өндіру саласын дамытушын 2025 – 2040 жылдарға арналған тұжырымдамасы
Әзірлеу үшін негіздемелер	"Қазақстан-2050" стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" Қазақстанның мұнай-газ кешені күллі экономиканың локомотиві болып табылады, басқа салалардың дамуына ықпалын тигізеді, тиісінше, еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету басым міндеттердің бірі болып табылады. "Қазақстан Республикасының көміртегі байтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясы" – көлік құралдарының

	шығарындыларын азайту есебінен көліктің төмен көміртекті дамуы. Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары.
Тұжырымдаманы әзірлеуге жауапты Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі
Тұжырымдаманы іске асыруға жауапты Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі.
Іске асыру мерзімдері	2025 – 2040 жылдар

## 2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

### 2.1. Тұжырымдаманы әзірлеу қажеттілігі

"Қазақстан-2050" стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жана саяси бағыты" стратегиясында Қазақстанның мұнай-газ кешені бүкіл экономика үшін локомотив болып табылатыны және басқа салалардың дамуына ықпал ететін тиісінше, 2050 жылға қарай еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету басым міндеттердің бірі болып табылатыны атап өтілген. Еліміздің энергетикалық және экономикалық қауіпсіздігіне мұнай өнімдерінің ішкі нарығындағы өндіру, тұтынудың және қорлардың тұрақтылығы мен тенгерімі, тиісінше, 2025 – 2040 жылдар кезеңінде экономиканың өсіп келе жатқан қажеттіліктері жағдайында ішкі нарықты 100 % қамтамасыз ету және экспорттауды дамыту жатады.

Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы неғұрлым энергия тиімді технологиялар мен материалдарды пайдаланған кезде парниктік газдардың шығарындыларын азайту есебінен (бұдан әрі – шығарындылар) төмен көміртекті дамытуды, көміртекті бейтараптыққа көшу үшін ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, жана жұмыс орындарын құруды көздейді.

Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында мұнай өндеу зауыттары (бұдан әрі – МӨЗ) шикізатының тапшылығы қаупі, бағаның төмендігі және соның салдарынан отын тұтынудың жеделдетілген қарқыны және көршілес елдерге мұнай өнімдері ағыны, мұнай өнімдерін сақтау қуатын кеңейту және саланың тенгерімді дамуы үшін баға белгілеу реформасының қажеттігі атап өтіледі.

Қазіргі уақытта Халықаралық энергетикалық агенттік ESG қағидаттарын белсенді іске асыруды көздейтін "Net Zero Emissions by 2050 Scenario" немесе "2050 жылға

"қарай парниктік газдардың нөлдік шығарындылары" сценарийін әзірледі. Бұл ретте дамуши елдерде, ең алдымен азия елдерінде халық саны мен автомобильдер санының өсуі байқалады, демек, мұнай мен мұнай өнімдеріне сұраныс 2050 жылға дейін өсе береді.

Мәселен, дамуши және мұнай өнімдеріне тұрақты сұранысы бар, сондай-ақ географиялық жағынан Қазақстанға жақын орналасқан елдерге мыналар жатады:

Орталық Азия – Өзбекстан (37 млн адам), Тәжікстан – (10 млн адам), Қыргызстан (7 млн адам) және Түркіменстан (6 млн адам);

Оңтүстік және Оңтүстік – Батыс Азия – Пәкістан (237 млн адам), Иран (87 млн адам), Ауғанстан (43 млн адам).

Елдер халқының жалпы саны 430 млн адамды құрайды.

МӘЗ дамытудың 2009 – 2015 жылдарға арналған алдыңғы орта мерзімді кешенді жоспарында ішкі нарық үшін Атырау, Павлодар және Шымкент МӘЗ-дері қуаттарын жылына 14-тен 17 млн тоннаға дейін реконструкциялау және жаңғырту көзделген. Бұл жоспарда жаңа өнірлік және әлемдік сын-қатерлерді ескере отырып, Қазақстанның мұнай өндеу саласын ұзақ мерзімді дамыту қажеттілігі, оның ішінде:

экономиканың өсіп келе жатқан қажеттіліктеріне байланысты мұнай өндеу қуаттарын көнектізу;

ұзартылған жөндеуаралық кезеңге көшу және аварияны төмендету;

мұнай өндеу тереңдігінің 89 %-дан жоғары өсуі;

Орталық, Оңтүстік және Оңтүстік-Батыс Азия нарықтарына мұнай өнімдерін экспорттауды дамыту;

ESG-күн тәртібіне, қолданбалы ғылымға және негізгі мұнай химиясына үлесті арттыру;

елдің жалпы ішкі өніміне (бұдан әрі – ЖІӨ) салымды арттыру көзделмеди.

Мәселен, 2009 жылды жалпы қуаты жылына 17 млн тонна болатын Атырау, Павлодар және Шымкент МӘЗ-дерін жаңғырудың және реконструкциялаудың техникалық-экономикалық негіздемесін (бұдан әрі – ТЭН) әзірлеу бойынша шешім қабылдау кезінде Қазақстан халқының саны 16 млн адамды құрады. Бүгінгі таңда Қазақстан халқының саны 20 млн адамды құрайды және өсуде.

Осылайша, жеке және ұзақ мерзімді құжат – Мұнай өндеу саласын дамытудың 2025 – 2040 жылдарға арналған тұжырымдамасын (бұдан әрі – Тұжырымдама) әзірлеу қажеттілігі туындады.

Тұжырымдаманы әзірлеуге Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылатын және мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және іске

асыруды, басқару процесінде, оның ішінде мұнай өнімдерін өндіруді мемлекеттік реттеу саласында үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі бастама жасады.

Құжатты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) мудделі мемлекеттік органдармен және компаниялармен: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі, "KAZENERGY" қауымдастыры, "Самұрық-Қазына" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Кор), "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – ҚМГ), "Атырау мұнай өндеу зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Павлодар мұнай химия зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "ПетроҚазақстан Ойл Продактс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "CaspiBitum" бірлескен кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – CaspiBitum) және мұнай өндеу және мұнай химия саласындағы мамандандырылған ғылыми-зерттеу институтының бірі болып табылатын "Д.В. Сокольский атындағы отын, катализ және электрохимия институты" акционерлік қоғамымен бірлесіп әзірледі.

Тұжырымдама қазіргі жағдайды талдауды, саланы дамытудың халықаралық тәжірибесі мен пайымын шолуды қамтиды, негізгі бағыттар бойынша өңірлік және әлемдік сын-қатерлерді ескере отырып, 2025 – 2040 жылдар кезеңінде Қазақстан Республикасының мұнай өндеу саласын орнықты дамыту жөніндегі мынадай негізгі тәсілдер мен қағидаттарды және нысаналы индикаторларды айқындайды:

1. Экономиканы отандық мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету.
2. Отандық мұнай өнімдерін экспорттау.
3. ESG, қолданбалы ғылым мен базалық мұнай химиясын дамыту.
4. Елдің ЖІӨ-ге салымын арттыру.
5. Саладағы мемлекеттік саясатты жетілдіру, кадрлық әлеуетті ұлғайту және әлемдік трендтерге сәйкестік.

Тұжырымдаманы іске асыру Біріккен Ұлттар Ұйымының орнықты дамуының 17 мақсатының 4 немесе № 8, 9, 12, 13: экономикалық өсу мен жұмыспен қамту, индустрияландыру мен инновациялар, тұтыну мен өндірістің ұтымды модельдері, көліктен шығарындыларды төмендету сәйкестігіне бағытталғаны атап өтіледі.

Тұжырымдаманың түпкі мақсаты – тұрақты және озынқы дамыту, қазіргі заманғы өңірлік және жаһандық сын-қатерлерге жауап ретінде инвестициялар тарту және ресурстарды шоғырландыру есебінен Қазақстан МӘЗ-дерінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету болып табылады.

Төменде Қазақстанның МӘЗ-деріне қысқаша сипаттама келтірілген.

Қазақстанның мұнай өндеу саласы осындай ірі МӘЗ-ден тұрады, оның ішінде:

Атырау МӘЗ (бұдан әрі – АМӘЗ)

Зауыт 1945 жылды пайдалануға берілді, МӨЗ бейіні – Маңғыстау мұнайын жылына 5,5 млн тонна терең өндейтін отын-мұнай химиясы схемасы, Нельсон индексі – 13,9, өндеу тереңдігі – 89 %-ға дейін.

#### Павлодар МХ3 (бұдан әрі – ПМХ3)

Зауыт 1978 жылды пайдалануға берілді, МӨЗ бейіні – 1,6 % масс. дейін күкірті бар батыс сібір мұнайын жылына 5,5 млн тонна терең өндейтін отын схемасы, Нельсон индексі – 10,5, мұнай өндеу тереңдігі – 89 %. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының үкіметтері арасындағы Ресей мұнайын тасымалдау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім шеңберінде жеткізілетін мұнай құрамындағы күкірттің мұнай химиясы зауытына (бұдан әрі – МХ3) маңызы зор.

#### Шымкент МӨЗ (бұдан әрі – ШМӨЗ)

Зауыт 1985 жылды пайдалануға берілді, МӨЗ бейіні – Құмкөл мұнайының қоспасын жылына 6 млн тонна терең өндейтін отын схемасы, Нельсон индексі – 8,1, бұл одан әрі дамытудың қолда бар әлеуетін растайды.

Құмкөл мұнайын өндеу тереңдігінің қол жеткізілген көрсеткіші – 90 % және женіл мұнай өнімдерінің шығымы – 82 %.

Алайда Құмкөл кен орындары тобының сарқылуына және МӨЗ шикізатындағы Батыс Қазақстан мұнайлары үлесінің 27 %-ға дейін ұлғаюына қарай өндеу тереңдігі 82 – 86 %-ға дейін және женіл мұнайды шығару 74,9-79 %-ға дейін төмендейді.

2009 – 2018 жылдары жүргізілген Атырау, Павлодар және Шымкент МӨЗ-дерін жаңғырту және реконструкциялау оларды "Автомобиль және авиациялық бензинге, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыштарға арналған отынға және мазутқа қойылатын талаптар туралы" № 013/2011 КО ТР Кеден одағының техникалық регламентіне (бұдан әрі – КО ТР № 013/2011) сәйкес 2018 жылғы 1 қантардан бастап мұнай өнімдерін өндіре отырып, жетекші батыс және Ресей кәсіпорындарының деңгейіне жақындаатты.

## 2.2. 2010 – 2019 жылдары МӨЗ-дерді жаңғырту қорытындылары

#### МӨЗ-дерді жаңғырту қорытындысы бойынша:

- 1) орташа әлемдік мәндер 8-10 болған кезде Нельсон индексі немесе АМӨЗ-дің технологиялық деңгейі 4,8-ден 13,9-ға дейін, ПМХ3 – 7,2-ден 10,5-ке дейін, ШМӨЗ – 4-тен 8,1-ге дейін;
- 2) АМӨЗ-дің мұнай өндеу қуаты 4,7-ден 5,5-ке, ПМХ3 – 4,7-ден 5,5-ке, ШМӨЗ – жылына 4,6-дан 6 млн тоннаға дейін немесе жиынтығында – жылына 14-тен 17 млн тоннаға дейін;
- 3) № 013/2011 КО ТР сәйкес K-2 экологиялық стандарт деңгейінен (Euro-2 аналогы) K4 (Euro-4 аналогы) төмен емес деңгейге мотор отындарының сапасына дейін арттыру мақсаттарына қол жеткізілді.

МӨЗ-ді жаңғыртудың қосымша әсері мынадай арттырудан тұрады:

4) МӨЗ мұнай өндөудің жиынтық терендігі 70,7-ден 89 %-ға дейін және жеңіл мұнай өнімдерін жиынтық өндіру 53,3-тен 72 %-ға дейін;

5) жаңа обьектілер саны 58-ден 164-ке дейін немесе 2,8 есе, оның ішінде технологиялық – 29-дан 50-ге дейін және қосалқы – 29-дан 114-ке дейін, жабдық 13672-ден 23195-ке дейін немесе бұрынғы / жаңа жабдықтың арақатынасы кезінде 1,7 есе – 60 /40 % (АМӨЗ – 4063-тен 8663-ке дейін, ПМХЗ – 5923-тен 7630-ға дейін, ШМӨЗ – 3686-дан 6902-ге дейін) көтерілуде болды.

Төменде МӨЗ реконструкциялау және жаңғырту қорытындылары бойынша жиынтық кесте келтірілген, 2017 – 2023 жылдар кезеңінде бірқатар көрсеткіштер жақсартылған:

Көрсеткіш	Жаңғыртуға дейін, жылына млн тонна	Жаңғыртудан кейін, жылына млн тонна	Айырмашылық
1	2	3	4
МӨЗ-дің технологиялық деңгейі			
1	2	3	4
Нельсон индексі орташа	5,3	10,8	2 есе көтерілді
мотор отынының сапасы			
экологиялық отын класы	K2	K4, K5	күкірт мөлшері 10-50 есе азайды
мұнай өндөу терендігі			
мұнай өндөу терендігі	70,7	89	+ 18,3 %
өндөу			
мұнай	14	17	+ 14 %
автобензин			
өндіру	2,9	5,3	+ 76 %
тұтыну	4,1	5,1	+ 24 %
дизель отыны			
өндіру	3,9	5,2	+ 30 %
тұтыну	4,7	5,5	+ 17 %

Сондай-ақ жыл сайынғы авиаотын өндірісі 900 мың тонна қажеттілігі кезінде 301-ден 644 мың тоннаға дейін (+112 %) және битум – 1100 мың тонна қажеттілігі кезінде 745-тен 930 мың тоннаға дейін (+25 %) өсті, оның ішінде 2021 – 2024 жылдары мұнай өнімдерінің жеңіл түрлерін өндіру:

АИ-92, АИ-95, АИ-98 автобензиндері 2024 жылы 5,4 млн тонна тұтыну кезінде 5,4 млн тонна өндірілді (2023 жылы – 5,3 млн тонна, 2022 жылы – 5 млн тонна, 2021 жылы – 4,8 млн тонна өндірілді);

дизель отыны 2024 жылы 5,6 млн тонна тұтыну кезінде 5,4 млн тонна өндірілді (2023 жылы – 5,2 млн тонна, 2022 жылы – 5,3 млн тонна, 2021 жылы – 5,4 млн тонна өндірілді);

авиаотын 2024 жылы 0,9 млн тонна тұтыну кезінде 0,75 млн тонна өндірілді (2023 жылы – 0,64 млн тонна, 2022 жылы – 0,67 млн тонна, 2021 жылы – 0,7 млн тонна өндірілді).

Қазіргі уақытта Ақтау қаласында жылына 1 млн тонна Қаражанбас мұнайын өндіреу және жылына 500 мың тонна жол битумын өндіру бойынша CaspiBitum зауыты жұмыс істейді. Басқа да қатысушылар "QazaqBitum" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – QazaqBitum) және "Асфальтобетон-1" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Асфальтобетон) битум өндірушілері бар, олар импортталған Ресей гудронында, "Конденсат" акционерлік қоғамы және шағын МӨЗ-де жұмыс істейді, олардың өнімдері К4, К5 стандарттарының талаптарына сәйкес келмейді (қызметі әртүрлі факторларға ұшыраған және жүктеме тұрақсыздығымен ерекшеленеді).

Қазіргі уақытта мұнай өнімдерінің ішкі нарығы өндірістен озық қарқынмен өсіп келе жатқан мұнай өнімдерінің негізгі түрлеріне, оның ішінде көршілес елдермен мұнай өнімдері бағасының айырмашылығы, транзиттік көліктің ұлғаюы, сұраныстың маусымдылығы есебінен қалыптасып жатыр.

Мұнай өнімдері нарығында 2040 жылға дейін жоғары сұраныс жағдайында МӨЗ елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде негізгі рөл атқарады.

### **3. Жанар-жағармай материалдарын (бұдан әрі – ЖЖМ) өндіру және бөлу жүйесін реформалаудың кешенді жоспары**

Осы уақытқа дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі Атырау, Павлодар және Шымкент МӨЗ-дерінде ЖЖМ өндіру және бөлу жүйесін реформалаудың кешенді жоспарының мыналарды қоса отырып іске асырды:

P/c №	Реформа	Орындалды
1	2	3
1	МӨЗ қызметін бақылау	Павлодар, Атырау және Шымкент МӨЗ аудиті, оның ішінде технологиялық отындар мен шығындардың пайда болуы, МӨЗ өнімі мен технологиялық процестерін өндіру, сактау, әкету қауіпсіздігі және бақылау жүйелері, лицензиарлардың, мамандандырылған компаниялар қорытындыларының, технологиялық процестер бойынша сараптамалардың болуы.
2	Жоспарлы жөндеу	Жыл сайынғы жоспарлы-алдын алу жұмыстарының уақытыны, оның ішінде 3 жылда 1 рет курделі жөндеу жүргізу.

3	<p>Бірынғай технологиялық циклды қалпына келтіру</p> <p>жабдықтау және су бұры объектілерін, бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика (бұдан әрі – БӨА) және технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі (бұдан әрі – ТПБАЖ), энергетикалық жабдықтар мен электр желілерін, МӨЗ темір жолдарын жөндеу және қызмет көрсету функцияларын қайтару.</p>
4	<p>Мұнай өндеудің аралас схемасы және мұнай мен мұнай өнімдерін жеткізу жөніндегі "өнімсіз" дедалдарды алып тастау</p> <p>2023 жылғы 12 қаңтарда "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Заңға (бұдан әрі – Зан) сәйкес:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) мұнай өнірүші ұйымдардың (бұдан әрі – МӨҰ) мұнайды өндеуге жеткізуін;</li> <li>2) МӨҰ-мен өзара байланысты маркетингтік құрылымдардың мұнайды өндеуге жеткізуін (МОҰ қатысу үлесі – 50 % және одан көп);</li> <li>3) мұнайды МӨЗ-дің өздерінің сатып алуын және өндеуін көздейтін мұнай өндеудің аралас схемасына көшу жүзеге асырылды .</li> </ol>
5	<p>Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер (бұдан әрі – АШТӨ) мен автожанармай құю станцияларына (бұдан әрі – АЖҚС) ЖЖМ жеткізудің басымдығы</p> <p>Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес мұнай өнімдерін бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын адамдар жыл сайын 1 наурыздан бастап 31 мамыр және 1 тамыздан бастап 31 қазан аралағында АШТӨ өндірушілеріне басымдық беруге міндетті. Мұнай өнімдерін өндірушілер мен мұнай жеткізушілер Энергетика министрлігінің мұнай өнімдерін жеткізу жоспары бойынша жанар-жағармай құю станциясының мекенжайына мұнай өнімдерін жеткізуге міндетті. АШТӨ және АЖҚС үшін ЖЖМ жеткізілімдерінің атаулылығын бақылау үшін арнайы ПИН-кодтар мен бояу енгізілді.</p>
	<p>2023 жылғы 26 маусымда "Негізгі қуатқа тең қол жеткізу қағидаларын бекіту туралы"</p>

6

Мұнай өнімдерін бөлу

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының 2022 жылғы 13 маусымдағы № 15 бүйріғына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28495 болып тіркелген) Энергетика министрлігінің ұсыныстарын ескеरе отырып, мұнай өнімдерін өткізу тәртібін регламенттейтін мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін көтерме саудада өткізу бөлігінде толықтырулар енгізілді.

7

Қазақстан Республикасы мен Еуразиялық экономикалық одактан (бұдан әрі – ЕАӘО) тыс жерлерге ЖЖМ әкетуді шектеу

2023 жылғы 24 наурызда "Еуразиялық экономикалық одактың кедендейтік аумағының шегінен тыс жерлерге Қазақстан Республикасынан экспорттауга тыым салынған немесе шектелген мұнай өнімдерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі 2023 жылғы 24 наурыздағы № 118 бүйріғымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32126 болып тіркелген) мұнай өнімдерін ЕАӘО тыс жерлерге Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге 2024 жылдың соңына дейінгі мерзімге тыым салу енгізілді. 2023 жылғы 3 тамызда "Қазақстан Республикасы аумағынан мұнай өнімдерін әкетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі 2023 жылғы 27 шілдедегі № 282, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрлігі орынбасары – Қаржы министрлігі 2023 жылғы 28 шілдедегі № 809, Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігі 2023 жылғы 28 шілдедегі № 605 және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2023 жылғы 1 тамыздағы № 647қе/па бірлескен бүйріғымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33224 болып тіркелген) бензиндерді, дизель отынын және мұнай өнімдерінің

		жекелеген түрлерін Қазақстан Республикасының аумағынан автокөлікпен әкетуге алты ай мерзімге тыйым салу енгізілген.
8	Ағындар мен "сұр" және экспорттауды алып тастау	2023 жылғы 12 сәуірде АЖҚС көтерме және бөлшек саудада откізудің шекті бағалары (+11+ 20%) ішінәра теңестірілді. Бюджет пен халықтың әлеуметтік осал топтары үшін салық түсімін бағалау жүргізіледі.

Осылайша, 2024 жылдың басында 2022 – 2023 жылдары Үкімет іске асырған мұнай өнімдерін өндіру және бөлу жүйесін реформалау жөніндегі шаралар кешені жанар-жағармайдың ішкі нарығын тұрақтандыруға, сондай-ақ:

- дизель отынымен АШТӨ өндірушілерін жылына 850 мың тоннаға дейін басымдықпен қамтамасыз етуге;
- дизель отынының қорын 2 есеге – 268-ден 612 мың тоннаға дейін немесе елдің қажеттіліктерін 17-ден 39 тәулікке дейін ұлғайтуға;
- дизель отыны жоқ АЖҚС-ның санын 10 есеге азайтуға – 633-тен 65-ке дейін немесе 20-дан 1,7 %-ға дейін (барлығы 3 163) төмендетуге мүмкіндік берді.

Осыған ұқсас АИ-92 және АИ-95 автобензині бойынша жағдай жақсарды, тиісінше жиынтық қорлар 404 мың тоннаға және 85 мың тоннаға дейін жеткізілді.

## 2.4. МӘЗ-дегі жоспардан тыс тоқтаулар мен авариялық жағдайлар

2020 – 2022 жылдар кезеңінде үш МӘЗ-де жоспардан тыс 391 тоқтап қалу, оның ішінде авариялық жағдайларға, жабдыққа техникалық қызмет көрсету және қадағалау жөніндегі шаралардың жеткіліксіздігіне байланысты ең ірі тоқтап қалу тіркелді – 119.

2023 жылы МӘЗ мұнай өнімдерін өндіруді түзету қажеттілігіне алып келген жоспардан тыс 33 тоқтап қалу тіркелді, нәтижесінде жанар-жағармай нарығындағы әлеуметтік шиеленіске әкелді.

Жабдықтың сенімділік деңгейі төмендеуінің негізгі себептері мұнай өнімдерінің маусымдық тапшылығын қамтамасыз ету үшін МӘЗ жоспарлы-алдын алу жұмыстарын 6 айдан 12 айға дейін ауыстыру, мұнай өнімдерінің төмен құнына байланысты жабдыққа техникалық қызмет көрсету және қадағалау жөніндегі шараларды жүйелі негізде жеткіліксіз қаржыландыру, мұнай-газ жобаларына кету салдарынан білікті кадрлардың жетіспеушілігі болып табылады.

## 2.5. Битум өндірісі

Мемлекет басшысының Жолдауына сәйкес 2022 жылы 1,2 млн тоннаға дейінгі жол битумын өндіруге әзірлік расталды.

Мәселен, Көлік министрлігінің тұтыну болжамы негізінде дайындалған 4 зауыттың 2023 жылға арналған жол битумын өндіруді ұлғайту жоспары 1211 мың тоннаны құрады, оның ішінде: CaspiBitum – 500, ПМХ3 – 280, QazaqBitum – 360 және Асфальтобетон – 72.

Сонымен қатар 2023 жылы Қазақстанның 4 зауыты 1211-дан 849 мың тонна немесе жоспардан 70 % битум өндірді, оның ішінде:

CaspiBitum – 500 мың тоннаның 358-і немесе 72 %;

ПМХ3 – 280 мың тоннаның 290-ы немесе 104 %;

QazaqBitum – 360 мың тоннаның 119-ы немесе 33 %;

Асфальтобетон – 72 мың тоннаның 82-і немесе 114 %.

Орталық Азиядағы ең ірі CaspiBitum битум зауытының өндірісі мамырдың ортасына дейін яғни құрылымдың жұмыстары қауырт жүрген кезде тәулігіне 1,6-дан 0,9 мың тонна немесе 56 %-дан аспады.

Битумды өндіруді төмөндөтүге әсер ететін себептер мыналар:

1) жол-құрылым компанияларының (бұдан әрі – ЖКҚ) битумды тиеп-жөнелту үшін өтінімдерін және төлемдерін кешіктіруі;

2) ЖКҚ-ның негұрлым тартымды бағамен Ресей битумын бірінші кезектегі іріктеуі – қосылған құн салығынсыз "free carrier" шарттарында Қазақстан битумының бағасы 93,7 – 130 мың теңге/тонна болған кезде 66-129 мың теңге/тонна;

3) "Канисай" шекара өткеліндегі конвенциялық тыйымдар және тиісінше, гудрон – QazaqBitum мен Асфальтобетон шикізатын жеткіліксіз жеткізу болып табылады.

2024 жылы битум өндірісі бойынша ұқсас жағдай қалыптасты (924 мың тонна өндірілді және тиеп-жөнелтілді).

## 2.6. Авиаотын өндірісі

Қажеттілік 900 мың тоннаға дейін болған кезде ТС-1 және РТ маркалы отандық авиаотын өндірісі 301-ден 746 мың тоннаға дейін (+ 248 %) есті.

Авиаотын басым тәртіппен қазақстандық авиакомпанияларға, қарулы күштердің, азаматтық қорғау және мемлекеттік материалдық резерв бөлімшелеріне бөлінеді.

Сонымен қатар халықаралық әуежайлар үшін Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы министрліктері арасындағы индикативтік тенгерім шенберінде ТС-1 және РТ маркалы Ресей авиаотынын жылына 300 мың тоннаға дейін импорттау көзделеді.

Сонымен қатар Қазақстанның авиациялық хабтарын дамыту және авиациялық транзитті жандандыру жағын және алыс шетелдерден Jet A-1 авиаотынын импорттау және тиісінше отандық мұнай өндеу және мұнай химиясы F3I құру, оның ішінде иморттық авиаотындарды сертификаттау және аккредиттеу және ұлттық стандарттарды әзірлеу қажеттілігіне әкеп соғады. Сондай-ақ ҚМГ SAF – sustainable aviation fuel немесе тұрақты авиаотын өндіру мүмкіндігін пысықтап жатыр.

## **2.7. Мазут өндірісі**

2023 жылы мұнай өндеудің орташа терендігі 85 %-ды құрады, бұл да сұранысқа ие ашық және құны төмен ауыр мұнай өнімдерін өндіруге тікелей әсер етеді.

Мәселен, 2023 жылы ірі МӘЗ-де мазут өндірісі 2,3 млн тоннаны немесе ішкі қажеттілігі жылына 900 мың тоннаға жуық мұнайға 13 %-ды құрады (зауыттық отын, әлеуметтік объектілерді жылышу және жылу электро орталығы).

Мазут мұнай химиясы синтезінің құнды шикізаты бола алады.

## **2.8. Мұнай өндеу саласындағы проблемалар**

Мұнай өндеу саласының одан әрі дамуы мен жаңа сапалы деңгейге шығуына және 2025 – 2040 жылдар кезеңінде өнірлік және әлемдік сын-қатерлерге уақтылы ден қоюға кедергі келтіретін жүйелі проблемалардың болуы байқалады:

жаңа өнірлік және әлемдік сын-қатерлерді ескере отырып, Қазақстанның мұнай өндеу саласын ұзақ мерзімді дамыту тұжырымдамасының болмауы, жабдықтың тозуын жою үшін қабылданатын шаралардың нақты және қысқа мерзімді сипаты;

экономиканың өсіп келе жатқан қажеттіліктеріне байланысты мұнай өндеу қуаттарының тапшылығы және сәйкесінше "IHS Markit" деректері бойынша 2030 жылға қарай бензин тапшылығы 1,7 млн тоннаға, дизель отыны – 2-ден 4 млн тоннаға дейін, авиаотын – 0,4-тен 0,6 млн тоннаға дейін жетуі мүмкін;

жыл сайын ұзартылған жөндеуаралық кезеңге көшу ұзақтығы және МӘЗ авариялышына байланысты жоспардан тыс тоқтап қалулар;

K5+ экологиялық стандарттары бойынша мотор отындарын және Jet A-1 авиаотындарын өндіруге көшу кестесінің болмауы;

мұнай өндеу терендігі 90 %-дан төмен, яғни әлемдік деңгейдегі МӘЗ-ден төмен, бұл капиталды қажет ететін және технологиялық тұрғыдан қурделі өндеу процестерін енгізууді талап етеді, мысалы, лицензиарлардың шектеулі тізбесі бар ауыр қалдықтардың гидрокрекингі қондырғылары және МӘЗ-дің жұмыс істеп тұрған немесе кеңейтілетін қуаттарында сутегіге қосымша қажеттілік;

женил мұнай өнімдерінің көтерме және бөлшек сауда бағаларын мемлекеттік реттеу, демек, көршілес Ресеймен, Өзбекстанмен, Армениямен және Қыргызстанмен мұнай өнімдері бағасының диспаритеті, "сұр" мұнай өнімдерін экспорттау және оның ағындары, битумды іріктемеу;

мұнай өнімдерін экспорттаудың және МӘЗ бәсекеге қабілеттілігінің болмауы, мұнай өнімдерінің стратегиялық қорлары қоймаларының болмауы немесе тапшылығы;

Еуропа МӘЗ-дерімен салыстырғанда шығындар мен технологиялық отындар деңгейі бойынша МӘЗ-дің төменгі 3-4 квартильде орналасуы;

ішкі нарыққа женіл мұнай өнімдерін өндірудің жоғары 66,9 %-ға және АМӘЗ ауыр мұнай өнімдерін өндірудің ең төмен 19,8 %-ға қол жеткізу үшін бағалы мұнай химиясы шикізаты – бензол және параксилол өндірісін 1,5 %-ға дейін төмендету;

мұнай және газ өндіру жобаларына кетулеріне байланысты жоғары білікті инженерлік-техникалық персонал мен пайдалану персоналының жетіспеушілігі;

мұнай өндеу және мұнай химиясы, оның ішінде қолданбалы ғылымды дамыту, авиаотындар бойынша сертификаттау және ұлттық стандарттар, кадрларды даярлау және қайта даярлау мәселелері бойынша кең ауқымды мәселелерді шешуге қабілетті мамандандырылған ЕЗИ-дің болмауы;

ESG және негізгі мұнай химиясында айтарлықтай нәтижелердің болмауы;

Қазақстан, Орталық және Оңтүстік-Батыс Азия экономикасының өсуіне байланысты құны төмен ауыр мұнай өнімдерін төмендету есебінен бағалы женіл мұнай өнімдерін өндіру үшін МӘЗ экономикалық ынталандыруларының болмауы, сондай-ақ МӘЗ қуаттарының ұлғаюы;

ішкі және сыртқы нарықтарға мұнай жеткізудегі тең табыстылықтың болмауы мұнай өндіруші үйымдардың МӘЗ-ге мұнай жеткізу бойынша экономикалық ынталандыруларының болмауына алып келеді;

мұнай өндіру мен мұнай өндеу көлемі арасындағы төмен арақатынас;

2030 жылдан бастап "жетілген" кен орындарының сарқылуы жағдайында МӘЗ үшін шикізат тапшылығы, бұл "Теніз" және "Қашаган" "жаңа" кен орындарының мұнайын тартуды қажет етеді;

мұнай-газ химиясы өндірістерін басым түрде дамыту, оның ішінде терефтал қышқылы мен полиэтилентерефталат жобасын АМӘЗ өндеуге жылына 1 млн тоннаға дейін, сондай-ақ "жаңа" кен орындарындағы мұнайды тарту қажеттілігіне, қайталама мұнайдың қуатын кеңейтуге және параксилол өндірісін қазіргі 25 тоннадан жылына 400-485 мың тоннаға дейін ұлғайтуға алып келеді;

МӘЗ технологиялық жабдықтарын жөндеу жұмыстарының сметалық құнын айқындау бойынша нормативтік базаның, сондай-ақ МӘЗ-ді кеңейту кезінде халықаралық стандарттарды қолдану мүмкіндігінің болмауы;

шағын МӘЗ-дердің сұраныс жоқ өнімдерді өндіруі;

елдің ЖІӨ-ге саланың қосқан үлесін арттыру қажеттілігі.

### **3-бөлім. Халықаралық тәжірибеге шолу**

#### **3.1. Мұнай өндеуді тұрақты дамыту**

Қазіргі уақытта "OPEC Annual statistical bulletin – 2023" деректері бойынша мұнайға жыл сайынғы сұраныс тұрақты болып қала береді.

Мәселен, 2022 жылы мұнайға әлемдік сұраныс тәуілігіне 2,49 млн барр. өсті немесе 2021 жылмен салыстырғанда 2,6 %-ға және тәуілігіне 99,5 млн барр. жетті. Мұнайға

сұраныс барлық өнірлерде дерлік өсті және ең үлкен өсім Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа, Үндістан, Азия, Таяу Шығыс және Африка елдерінде тіркелді, соның ішінде мұнай экспорттаушы елдердің ұйымдары (бұдан әрі – ОПЕК) елдеріндегі мұнайға сұраныс 2022 жылы тәуілігіне 0,57 млн барр. немесе 6,9 %-ға өсті.

Бұл ретте әлемдік МӘЗ-дің жиынтық қуаты да өсіп келеді және 1960 – 2022 жылдар кезеңінде тәуілігіне 24,4-тен 101,8 млн барр. дейін немесе жылына 1,2-ден 5 млрд тоннаға дейін өсті. Мұнай өндеу қуатының барынша артуы экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (бұдан әрі – ЭҮДҰ) кірмейтін елдерде, әсіресе Таяу Шығыс пен Қытайда, яғни Қазақстанға жақын орналасқан өнірлерде болды.

МӘЗ қуатының ең үлкен көлемі ЭҮДҰ-ның Солтүстік және Оңтүстік Америка елдерінде шоғырланған – тәулігіне 21,6 млн барр., оның ішінде тәулігіне 17,7 млн барр. АҚШ-қа тиесілі, одан кейін Қытай – тәулігіне 17,2 млн барр. ЭҮДҰ-ның Еуропа елдері – тәулігіне 14 млн барр., Ресейдің МӘЗ тәулігіне 7,1 млн барр. бағаланады.

МӘЗ-дің қазіргі өнімділігі тәулігіне 101,8 млн баррельдің 83,8 млрд барреліне немесе 4,9 млрд тоннаның 4 млрд тоннасына жетеді, бұл мұнайға жоғары сұраныс аясында қолда бар әлемдік қуаттың 82 %-ын құрайды. Жеңіл мұнай өнімдеріне деген қажеттілік мұнайға әлемдік сұраныстың 61 %-ын, мазутта – 6,7 %-ды құрайды, қалғаны сұйытылған газдарға, жағар майларына, мұнай коксы, жол битумына, еріткіштерге, құқіртке, технологиялық отынға және шығындарға және т.б. тиесілі.

ОПЕК ұзақ мерзімді болжамдары бойынша 2035 жылға қарай мұнайды тұтынудағы өсімнің 80 %-ы дамушы Азия елдеріне тиесілі болады, бұл ретте әлемде халық санының өсуі мен ЖІӨ-нің өсуі энергия тұтынудың, оның ішінде мұнайдың, демек, мұнай өнімдерінің ұлғаюының негізгі факторлары болып табылады.

"ExxonMobil Global Outlook: our view to 2050" болжамы бойынша мұнай мен табиғи газ 2050 жылға дейін жаһандық энергетикалық жүйенің маңызды құрамдас бөлігі болып қала береді. Мұнайды пайдалану жеке автокөлік секторында айтарлықтай қысқарады деп күтіледі, алайда мұнай әлі де өнеркәсіпте және ауыр жүк көлігінде – экономикалық өсудің негізі болып табылатын кеме қатынасында, ұзақ мерзімді жүк тасымалы мен авиацияда кеңінен қолданылады. Егер 2035 жылы әрбір жаңа жеңіл автомобиль электромобиль болса, 2050 жылы мұнайға деген сұраныс әлі де 2010 жылдағыдай тәуілігіне 85 млн барр. құрайды.

Халықаралық энергетикалық агенттіктің (бұдан әрі – ХЭА) жыл сайынғы "World Energy Outlook 2023" шолуында 2030 жылға қарай әлемде мұнай тұтынудың шарықтау шегі тәулігіне 101,5 млн барр. жетеді деп күтілуде. Одан кейін 2050 жылға қарай сұраныстың тәулігіне 97,4 млн барр. дейін немесе 4 %-ға біртіндеп төмендеуі болжанады. ХЭА бағалауы бойынша энергия өндіруге арналған қазба отындарының үлесі 2022 жылғы 66 %-дан 2050 жылға қарай 55 %-ға дейін төмендейді, яғни мұнай,

газ және көмір бәрібір жалпы көлемнің жартысынан астамын құрайды, оның ішінде мұнай үлесі 38 %-дан 33 %-ға дейін төмендейді, бірақ ол әлемдегі ең жоғары энергия ресурсы болады.

ХЭА шолуы "Net Zero Emissions by 2050 Scenario" немесе "2050 жылға қарай нөлдік парниктік газдар шығарындылары" сценарийін қарастырады, бұл ESG қағидаттарын белсенді түрде іске асыруды көздейді. Бұл ретте дамушы елдерде, ең алдымен, халық саны мен автомобильдер санының өсуі байқалатын Азия елдерінде мұнайға сұраныс 2050 жылға дейін өсе береді.

Осылайша, әлемдік компаниялардың 2050 жылға дейінгі болжамдарын ескере отырып, Қазақстанның мұнай өндеу саласын 2040 жылға дейін тұрақты дамыту қажеттілігі расталады.

### **3.2. МӘЗ-дерді шикізатпен қамтамасыз ету**

Мұнай өндеуді дамыту жобаларының экономикалық орындылығы бірқатар факторларға, оның ішінде мұнай құнына, нарықтық сұранысқа және мұнай өнімдеріне баға белгілеуге байланысты. Мысалы, ЭҮДҰ елдерінде МӘЗ-дердің мұнаймен қамтамасыз етілуіне өз мұнайы болмаған жағдайда мұнайды экспорттау есебінен немесе ел ішінде өндірілетін мұнайды ішкі және сыртқы нарықтарға жеткізудің тең табыстылығы есебінен, демек, ішкі және сыртқы нарықтардағы мұнай өнімдерінің бағаларын теңестіру есебінен қол жеткізіледі. Мұнай және мұнай өнімдеріне өзекті баға белгілеу "Argus" және "Platts" сияқты мамандандырылған басылымдарда келтірілген, бұл мұнай өндеу жобаларының экономикалық орындылығын есептеуге мүмкіндік береді.

### **3.3. МӘЗ-дердің тиімді және қауіпсіз жұмыс істеуі**

Технологиялық жабдықтар мен құбырлардың, энергетикалық жабдықтар, ТПБАЖ мен БӨА жүйелерінің, заманауи МӘЗ-дің кезекті жоспарлы-алдын алу жұмыстарының арасындағы жұмыс кезеңі, әдетте, 3-4 жылды құрайды. МӘЗ-дің кеңейтілген жөндеуаралық кезеңіне кешенді шаралар, оның ішінде ISO 55000 "Asset management" халықаралық стандарттар сериясы және негізгі қорларды басқарудың цифрлық жүйелері, активтердің сенімділігі, жабдықтың жай-күйін онлайн-диагностикалау, жабдыққа техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі ұлттық стандарттарды өзектілендіру негізінде тәуекелге бағдарланған тәсілді қолдану есебінен қол жеткізіледі.

Жабдықтың сенімді және қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін машиналық және технологиялық жабдықтың техникалық жағдайын бақылау, қалдық ресурсты және рүқсат етілген пайдалану мерзімін анықтау үшін жабдықты диагностикалау, өнеркәсіптік қауіпсіздікті сараптау, технологиялық процестерді жаңғырту, жаңарту,

жақсарту, катализаторларды қалпына келтіру және ауыстыру есебінен жабдықты пайдалану сенімділігін арттыру қажет. Кесіпорында білікті техникалық мамандарды тарту және оларды ұстап қалу бойынша МӘЗ-дің бәсекеге қабілеттілігі кадрларды негізгі позициялар мен жұмысшы кәсіптеріне уақтылы даярлауға, жедел және стратегиялық резервті даярлауды көздейтін кадр резервімен жұмыстарды қалыптастыруға және ұйымдастыруға негізделген. Жөндеуарлық кезеңнің үлғауы, жоспардан тыс тоқтап қалулар мен аварияның төмендеуі кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін жақсартады және МӘЗ дамуының жаңа жобаларына инвестиция салуға мүмкіндік береді.

### **3.4. Өсіп келе жатқан экономиканы отандық мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету**

Экономиканы мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету үшін дамыған және дамушы экономикалардың мысалында мұнай өндіру мен өндеудің арақатынасын жақсарту қажет.

Мына кестеде "*BP Statistical review of world energy*", "*OPEC Annual statistical bulletin*" деректері көрсетілген:

P/c №	Ел және халық, млн адам	Мұнай өндіру, жылына млн тонна	Мұнай өндеу, жылына млн тонна	Өндіру мен өндеудің арақатынасы
1	2	3	4	5
1	АҚШ 337,5	711	870	0,8
2	ҚХР 1 411	199	840	0,2
3	Ресей 146,4	536	350	1,5
4	Үндістан 1 428	34	245	0,14
5	Оңтүстік Корея 52	2	175	0,01
6	Жапония 124,5	1	160	0,006
7	Сауд Арабиясы 7,8	515	142	3,6
8	Иран 89,2	168	123	1,4
9	Бразилия 217,7	157	112	1,4
10	Германия 84,6	1,7	104	0,02
11	Канада 39,2	267	96	2,8
	Италия			

12	58,9	5	93	0,05
13	Испания 46,9	0,3	77	0,004
14	Мексика 129,2	97	76	1,3
15	Сингапур 5,9	0,1	72	0,001
салыстыру үшін				
-	Қазақстан 20	90	18	5

Мұнай өндіру мен өндеу арақатынасының мәні неғұрлым тәмен болса, даму деңгейі, қосылған құны жоғары өнімнің экспорттық әлеуеті және елдің мұнай өндеу саласының ЖІӨ-ге қосқан үлесі соғұрлым жоғары болатыны анық.

Сауд Арабиясы мен Канада тәжірибесі Қазақстан үшін ең жақын және құнды болуы мүмкін.

Халық санының мұнай өндеу қуатына 1-ге 1 болжамды арақатынасын ескере отырып, жоғарыда көрсетілген кестеде Қытайдан, Үндістаннан, Бразилиядан және Мексикадан басқа, 11 елдің мұнай өнімдерімен қамтамасыз етілуі туралы қорытынды жасауга болады.

Халықаралық практикада МӨЗ технологиялық схемасының операциялық тиімділігі мен жарақталуының көрсеткіштері ретінде конверсия дәрежесі немесе коэффициенті (мұнайды өндеу тереңдігі), Нельсонның технологиялық күрделілік индексі және 1,4 – 2,4 шегінде өндіру мен мұнайдады жеңіл мұнай өнімдері бастапқы құрамының арақатынасын сипаттайтын MTY (materials targeted yield) ұсынылатын коэффициенті пайдаланылады.

Мұнай өндеу тереңдігі мұнай өндеу және жеңіл мұнай өнімдерін өндіру тиімділігінің көрсеткіші ретінде пайдаланылады, технологиялық процестердің жиынтығына, мұнайдады жеңіл фракциялардың әлеуетті құрамына және МӨЗ өндірістік бағдарламасына байланысты.

Еуропада мұнай өндеу тереңдігі 85-90 %-ды, АҚШ-та 95-96 %-ды құрайды.

Нельсон индексі технологиялық схеманың күрделілігін немесе МӨЗ-дің технологиялық деңгейін сипаттайты, халықаралық практикада бұл көрсеткіш орташа әлемдік 8-10 мәндерде 1 мен 20 арасында болады. АҚШ пен Еуропаның ең заманауи МӨЗ-дерінде Нельсон индексі 15-тен жоғары, ал шетелдік сарапшылардың пікірінше, нарықтық жағдайда Нельсон индексі 10 және одан жоғары мұнай өндеу зауыттары бәсекеге қабілетті болып қала береді. Жоғары Нельсон индексі МӨЗ-дің жоғары технологиялық деңгейін білдіреді. Тәмен Нельсон индексі барынша қарапайымдау схеманы, бірақ МӨЗ дамуының, мысалы, мұнай химиясының негізгі шикізатын өндіру үшін отын-мұнай химиясы конфигурациясы немесе негізгі майларды өндіру үшін отын-май конфигурациясы бағытындағы жоғары әлеуетін білдіреді.

### **3.5. Экспорттық әлеуетті дамыту**

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай, өндірістің жоғары қөлемі Ресей Федерациясына, Сауд Арабиясы мен Канадаға өз мұнайын өндеуге және ішкі нарықтарды қамтамасыз етуге, сондай-ақ мұнай мен мұнай өнімдерін әлемнің әртүрлі өнірлеріне экспорттауға мүмкіндік береді.

Мұнай кен орындары жоқ немесе өте аз дамыған елдер – Сингапурдың, Жапонияның, Оңтүстік Кореяның, Испанияның, Қытайдың заманауи МӘЗ-дері бар және ішкі және сыртқы нарықтарды мұнай өнімдерімен қамтамасыз етеді. Қытайда әртүрлі өнірлер арасында 24 мың км мұнай құбырларын пайдалану тәжірибесі бар, бұл теміржол тасымалымен салыстырғанда көлік шығыстарын 20-30 %-ға дейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Еуропалық Одақ пен Халықаралық энергетикалық агенттіктің ұсынымдарына сәйкес әр ел үшін мұнай өнімдері резервтерінің болуы жөніндегі міндеттемелер көзделеді, мысалы, Ұлыбританияның энергетика және климат департаменті елде 22 күндік мұнай өнімдерінің болуын бақылайды, Румынияда мұндай қор 30 күнді және АҚШ-та 22 күнді құрайды.

ХЭА деректері бойынша мұнайға және демек, мұнай өнімдеріне деген сұраныс 2050 жылға дейін, ең алдымен, халық саны мен автомобильдер санының өсуі байқалатын дамушы Азия елдерінде өсе береді.

Осылайша, заманауи МӘЗ-дері бар елдер экономикасы өсіп келе жатқан елдер, оның ішінде қазіргі уақытта халқы 430 млн адамға дейінгі Орталық, Оңтүстік және Оңтүстік-Батыс Азия елдері мұнай өнімдерінің тұрақты экспорттық әлеуетіне ие болады.

Бұдан басқа, Еуразиялық экономикалық одақтың мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын қалыптастыру мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау, мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарында мұнай және мұнай өнімдерін сату, мұнай және мұнай өнімдерімен биржалық сауда-саттықты өткізу жүйелеріне қол жеткізу қағидаларын әзірлеуді көздейді.

Мұше мемлекеттердің экономикалық және ұлттық мұдделерінің теңгерімін және олардың ұлттық заңнамасын сақтау көзделген.

### **3.6. ESG қағидаттарына сәйкестік**

Мұнай өнімдерінің сапасы. "IHS Markit" халықаралық компаниясы сұйытылған мұнай газын өндіруді және тұтынуды, көршілес мемлекеттерде тұтынудың өсуін және транзиттік жүк ағынын қоса алғанда, 2035 жылға дейін Қазақстанның мұнай өнімдері нарығының даму болжамы бойынша маркетингтік зерттеулер жүргізді.

"IHS Markit" ұсынған ұтымды тәсіл отын стандарттарын қатаңдату және қоршаған ортаға шығарындыларды бақылаудың орнына бағаның жоғары деңгейі арқылы тиімділіктің өсуін қамтамасыз ету болып табылады.

Euro-5 стандарты Еуропада 2008 жылдан бастап жұмыс істей бастады, K5 стандарты Ресейде 2016 жылдан бастап жұмыс істейді.

Euro-6 стандарты Еуропада 2015 жылдан бастап жұмыс істей бастады және оның талаптары бойынша 2010 жылдан бастап АҚШ-тағы EPA10 экологиялық стандарттарына және жапондық post NLT-ге жақын.

Қытай 2023 жылы China-V стандартынан China VI-b стандартына көшті.

Аустралия 2025 жылы Euro-5-тен Euro-6-ға ауысады жоспарлап отыр.

Еуропа 2025 жылы Euro-7 стандартын қабылдауды жоспарлап отыр.

ESG қафидаттарына сәйкес келу үшін қазақстандық МӘЗ-ге сапалы, оның ішінде мотор отындарының экологиялық сипаттамаларын, демек, K5 және K6+ (Euro-5 және Euro-6+ аналогтары) жоғары экологиялық сыныпты мотор отындарын өндіруді, сондай-ақ TC-1 және РТ-мен қатар Jet A-1 авиаотынын өндіруді арттыру орынды болып табылады, мысалы, Jet A-1 әлемнің 70-тен астам елінде пайдаланылады.

Қазіргі уақытта ЕАӘО мен Қазақстан Республикасының мынадай нормативтік құжаттарында K6 экологиялық сыныбына қойылатын талаптар жоқ:

- 1) "Автомобиль және авиациялық бензинге, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыштарға арналған отынға және мазутқа қойылатын талаптар туралы" № 013/2011 КО ТР Кеден одағының техникалық регламенті;
- 2) МЕМСТ 32513-2013 "Моторлы отындар. Этилендірілмеген бензин";
- 3) мемлекетаралық стандарт МЕМСТ 32511-2013 (EN 590:2009) "Евро. дизель отыны. Техникалық шарттар";
- 4) ұлттық стандарттар және Қазақстан Республикасы ұйымдарының стандарттары.

Сонымен қатар "Роснефть", "Башнефть", "Лукойл" және "Танеко" компанияларының МӘЗ мотор отындарының тәжірибелік-өнеркәсіптік үлгілерінің сапа паспорттары K5 экологиялық стандартынан асатын мынадай көрсеткіштерді көздеуі мүмкін:

## **автобензиндер**

P/c №	Көрсеткіш	Экологиялық сынып	
		K5	K6 жобасы
1	күкірт мөлшері, мг/кг, артық емес	10	8
2	октандық саны ЗӘОС, кем емес	80	95
3	октандық саны МӘОС, кем емес	76	85

4	бензол үлесі, көл. %, артық емес	1	0,8
5	хош іісті заттардың үлесі , көл. %, артық емес	35	32
6	олефин үлесі, көл. % артық емес	18	15
7	индукциялық кезең, мин, кем емес	360	600
8	шайыр концентрациясы, мг/100 см <sup>3</sup> , артық емес	5	3

## дизель отыны

Р/с №	Көрсеткіш	Экологиялық сынып	
		K5	K6 жобасы
1	күкірт мөлшері, мг/кг, артық емес	10	8
2	майлау қабілеті, мкм, артық емес	460	460
3	цетандық саны, кем емес	51	52
4	цетандық индексі, кем емес	46	50
5	15 °С-ғы тығыздығы, кг/ м <sup>3</sup>	820-845	800-840
6	хош іісті заттардың үлесі , көл. %, артық емес	8	4
7	кул, масс. %, артық емес	0,01	жоқ
8	түсі	-	мөлдір

Осылайша, уәкілдегі мемлекеттік органдардың және Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің мұнай өндіреу және мұнай химиясы FЗИ-дің заманауи қоспаларды ескере отырып, K6 стандартының жобасына қойылатын талаптарды мемлекетаралық және ұлттық нормативтік құжаттарға енгізу қажеттілігі бар.

**Энергия тиімділігі.** Мұнай өндіреу – бұл өндірістің энергияны көп қажет ететін салаларының бірі, сондықтан энергия тиімділігін арттыру, оның ішінде мұнай өндіреу зауыттарының технологиялық шығындары мен отындарын азайту мәселесіне ерекше назар аудару қажет. Қазақстан МӘЗ-дері өзінің технологиялық жай-күйі бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 23 қарашадағы № 1024 қаулысымен бекітілген ең үздік қолжетімді техникалар бойынша "Мұнай және газ өндіреу" саласындағы анықтамалығында ұсынылған энергия тиімділігі жөніндегі талаптарға сәйкес келетіні атап өтіледі.

Сонымен қатар халықаралық практикада Energy Intensity Index - ЕІІ көрсеткіші немесе энергия тиімділігі индексі пайдаланылады, ол кәсіпорынның нақты энергия тұтынуының ұқсас конфигурациядағы орташа әлемдік МӘЗ энергия тұтынуына

арақатынасы болып табылады және оны бүкіл зауыт үшін де, оның әрбір технологиялық қондырғысы үшін де анықтауға болады. Энергия тиімділігінің жоғары деңгейі төмен ЕП-ге сәйкес келеді.

Мәселен, 2020 жылғы көрсеткіштерді талдау отандық МӘЗ ЕП орташа әлемдік мәндер 68-85: Атырау МӘЗ – 144, Павлодар МӘЗ – 133 және Шымкент МӘЗ – 164 болған кезде энергия тиімділігі ең аз және көміртекті көп қажет ететін МӘЗ IV тобына сәйкес келетіндігін көрсетті.

Осылайша, энергия тиімділігін арттыру және, демек, өндіріс экономикасы мен қоршаған орта жағдайын жақсарту үшін айтарлықтай әлеует бар.

*МӘЗ айналасындағы экологиялық өндірістер.* Халықаралық практикада пайдаланылған крекинг катализаторларынан сирек кездесетін Ni және Mo металдарын алу, CO<sub>2</sub> көмірқышқыл газын көкөніс жылышайтарына пайдалану жөніндегі жобалар кездеседі.

*Адами капиталды дамыту.* Мұнай өндеу саласының дамуын адами капиталды жедел дамытпай және тиімді пайдаланбай қамтамасыз ету мүмкін емес.

Қазіргі уақытта МӘЗ-де кадрлардың жоғары тұрақсыздығы, ең алдымен МӘЗ негізгі технологиялық қондырғыларының жоғары білікті инженерлік-техникалық персоналы және кадрлар сабактастырының болмауы (әрбір негізгі инженерлік-техникалық позицияға кадр резервін қалыптастыру және тәрбиелеу) байқалады.

Мәселені кешенді шешу үшін салалық трендтерді қадағалайтын және озық кәсіптік білім беру және мамандар мен жұмысшы кадрларды даярлау жүйесін құру, сондай-ақ мемлекеттік және корпоративтік оқытудың, даярлаудың, қайта даярлаудың және біліктілікті арттырудың жаңа нысандары мен бағдарламаларын әзірлеу және тарату қажет.

### **3.7. Қолданбалы ғылымды дамыту**

Салалық мәселелерді шешуге арналған қолданбалы ғылымды дамытудың маңызды мысалдарының бірі – мұнай өндеу және мұнай-химия ФЗИ институтын "IFP Energies nouvelles" құру немесе 1919 жылы құрылған Француз мұнай, отын және жағармайлар институты болып табылады.

2001 жылы институттың мамандандырылған бөлімшелерінің бірі бүкіл әлем бойынша технологиялық процестерді базалық жобалау, мұнай өндеу және мұнай химиясы катализаторлары мен адсорбенттерін өндіру және жеткізу жөніндегі "Axens" халықаралық компаниясына айналды.

1919 жылы құрылған әйгілі "American Petroleum Institute" немесе Америкалық мұнай институты бүгінде бүкіл әлемде мұнай және газ салаларында қолданылатын 500-ден астам стандартты әзірледі.

Сонымен қатар Ұлыбританиядағы мұнай және энергетика мәселелері бойынша "The Energy Institute", Данияның катализаторларды өзірлеу бойынша "The technical university of Denmark" және "Haldor Topsøe", Ресейдің жанар-жағармайлар технологиясы бойынша "ВНИИ НП" АҚ және авиаотын мәселелері бойынша "ГОСНИИГА" ФГУП, поляктың мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаттары бойынша "Instytut Nafty i Gazu" дамыту тәжірибесі атап өтіледі.

### **3.8. Еліміздің ЖІӨ-дегі мұнай өндірудің үлесін арттыру**

Г.В. Плеханов атындағы Ресей экономикалық университетінің есептеулері бойынша мұнай өндіре саласының Қазақстанның ЖІӨ-не қосқан үлесі 2005 жылы сатып алу қабілетінің паритеті бойынша 5 млрд долл. құрап, 2050 жылға 38,4 млрд долл. дейін немесе 2,4-тен 2,8 %-ға дейін өсуі мүмкін.

"Goldman Sachs" неғұрлым өзекті болжамдары бойынша Қазақстанның ЖІӨ 2023 жылдан бастап 2050 жылға қарай 0,26-дан 0,9 трлн долл.-ға дейін өседі, бұл экономиканың даму әлеуетін, оның ішінде мұнай өндіре саласының салымы есебінен растайды.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық ақпаратына сәйкес елдің ЖІӨ 2013 – 2022 жылдар кезеңінде 36-дан 103,8 трлн теңгеге дейін ұлгады.

Осы кезеңде өндіре өнеркәсібінің елдің ЖІӨ-ге қосқан үлесі де 10,5-тен 13,4 %-ға дейін өсті (3,8-ден 13,9 трлн теңгеге дейін), бірақ мұнай өндіре өнімдерінің өндірісі құндық мәнде 0,58-ден 1,14 трлн теңгеге дейін ұлғаюына қарамастан, 1,6-дан 1,1 %-ға дейін төмендеді.

Осылайша, мұнай өндіре өнеркәсібінің еліміздің ЖІӨ-не қосқан үлесін арттырудың маңызды әлеуеті бар. Еліміздің ЖІӨ-не саланың қосатын үлесін арттыру мәселесін зерделеу үшін дамыған және дамушы экономикалардағы мұнай өндіру мен өндірудің арақатынасын да ескеру қажет.

## **4-бөлім. Қазақстан Республикасының мұнай өндіре саласын дамытудың 2025 – 2040 жылдарға арналған пайымы**

### **4.1. Тұжырымдаманың экономиканың дамуына сәйкестігі**

Өңірлік және әлемдік сын-қатерлерді ескере отырып, мұнай өндіре саласының орнықты және озынқы дамуының пайымы Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауындағы еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамыздың өзін толық қамтамасыз етуі, өндіре секторын жедел дамыту, терең өндіре және жоғары қайта бөлу кластерлерін құру сияқты тезистеріне толық сәйкес келеді.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша Қазақстан халқы 2050 жылға қарай 23,5 млн адамнан 27,7 млн адамға дейін жетуі мүмкін, демек, экономиканың болжамды өсуі және өнеркәсіп орындарының, халық санының және автомобильдердің көбеюі мұнай өнімдеріне сұраныстың тұрақты өсуіне әкеп соғады.

Осылайша, орта мерзімді перспективада ішкі нарықта мұнай өнімдерінің күтілетін тапшылығын шешу және жақын өңірлерге экспорттық әлеуетті дамытуды бастау қажет, ол үшін:

алдымен жұмыс істеп тұрған зауыттарды кеңейту әлеуетін пайдалану;  
әрі қарай жаңа МӨЗ салуды бастау орынды.

Жұмыс істеп тұрған МӨЗ-дерді кеңейту, оның ішінде неғұрлым тығыз қоныстанған өңірлерде кеңейту орынды болады, демек, мұнай өнімдеріне барынша сұранысы бар өңірлер Қазақстанның оңтүстік өңірлері және Орталық, Оңтүстік және Оңтүстік-Батыс Азия өңірлері болып табылады.

Бұдан басқа, жұмыс істеп тұрған МӨЗ-дер жаңа объектілерді жаңғыруту және іске қосу-реттеу тәжірибесі бар білікті кадрлар, мұнай өнімдерін кеңейту және үлкен көлемде тиеп-жөнелту жағдайында жаңа жабдықтар мен материалдарды жеткізуге арналған мұнай құбырларын, теміржол және автомобиль жолдарын қамтитын дамыған инфрақұрылым, беру эстакадалары мен энергия ресурстарының көздері сияқты артықшылықтарға ие. Осылайша, 2009 – 2019 жылдар кезеңінде Қазақстанның мұнай өндеу саласы мұнай өндеу қуаты мен терендігін арттырудың ауқымды жобаларын іске асыруда жеткілікті тәжірибе жинақтады.

Мәселен, қазіргі уақытта мұнай өндеу көлемін жылына 18 млн тоннадан 29,2 млн тоннаға дейін, оның ішінде мыналардың өндеу қуаттарын кеңейту жобалары есебінен ұлғайту жұмыстары басталды:

Шымкент МӨЗ – жылына 6 млн тоннадан 12 млн тонна мұнайға дейін;

Павлодар МХ3 – 2 кезеңде жылына 5,5 млн тоннадан 9 млн тонна мұнайға дейін;

CaspiBitum – жылына 1 млн тоннадан 1,5 млн тонна мұнайға дейін;

Атырау МӨЗ – мұнайды қайталама өндеу қуатын жылына 0,7-1,2 млн тоннаға немесе шикізат бойынша жылына 5,5 млн тоннадан 6,7 млн тоннаға дейін.

Сонымен қатар әлеуетті инвесторлар өндірілетін бензолдан желілік алкибензол өндіру жобасын пысықтауда.

Шымкент МӨЗ-ін кеңейту жобасы Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауына сәйкес жоғары қайта өндеу кластерлерін құру үшін кемінде 17 ірі жобадан тұратын тізбеке енгізілген. Жобаны жандандыру және әлеуетті инвесторлар мен стратегиялық әріптестерді тарту үшін үкіметаралық келісімге (заннаманың тұрақтылығы, шикізатпен ұзақ мерзімді қамтамасыз ету, халықаралық стандарттарды қолдану мүмкіндігі, инфрақұрылыммен және энергия ресурстарымен қамтамасыз ету) қол қою жоспарланып отыр.

Шымкент МӘЗ схемасының болашақ конфигурациясына байланысты әлеуетті инвесторлардың желілік алкилбензол өндіру жобасы пысықталатын болады. Бұл ретте Шымкент МӘЗ жобасын Экономиканы жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссия мақұлдауы тиіс. Жоғары технологиялық жобаларды іске асыру МӘЗ-ге мұнай өндеу терендігін 89 %-дан 94 %-ға дейін және әлеуетті инвесторлардың одан әрі жоғары деңгейде өндеуі үшін базалық мұнай химиясын: бензол, параксилол, алкилбензол, сондай-ақ кеңейетін және жаңа МӘЗ отын-мұнай химиясы конфигурациясының жаңа нұсқаларын ескере отырып, алкилаттар мен олигомеризаттарды ұлғайтуға әкеп соғады.

Сонымен қатар 2036 жылы жеңіл мұнай өнімдерінің жаңа құтілетін тапшылығына байланысты 2030 жылдан кешіктірмей қуаты жылына 10 млн тонна жаңа МӘЗ жобалауды және 2032 жылы салуды бастаған жөн.

Мұндай тұжырым өндіріс-тұтынуды бағалаудан туындауды, мысалы, халықтың 20 млн-нан 27,7 млн адамға дейін өсуіне байланысты дизель отынының тұтынуы да өседі, демек, отандық, сондай-ақ транзиттік көлік саны да өседі:

- 2030 жылы – Шымкент МӘЗ жылына 6 млн тоннадан 12 млн тоннаға дейін кеңейгенде, дизель отынының 1,8 млн тонна профицитіне әкеп соғады;
- 2030 – 2036 жылдары – қажеттіліктің қосынша 2 млн тоннаға ұлғауы, бұл 2040 жылға дейін жыл сайын 0,3-0,35 млн тоннаға өсетін 0,2 млн тонна дизель отынының тапшылығына әкеп соғады;
- 2032 – 2040 жылдары – қуаты жылына 10 млн тонна болатын жаңа МӘЗ салу(2030 – 2032 жылдары – ТЭН мен ЖСҚ әзірлеу);

- 2040 жылы – ішкі нарықтың ЖЖМ-мен толық қамтамасыз етілуі, тиісінше, ОПЕК, ExxonMobil және Халықаралық энергетикалық агенттіктің 2022 – 2023 жылдардағы болжамдарына сәйкес бүгінгі таңда жалпы саны 430 млн адамға дейінгі Орталық, Оңтүстік және Оңтүстік-Батыс Азияның дамушы нарықтарына экспорттау.

Жаңа МӘЗ конфигурациясы және, демек, өнімдерінің желісі ЖЖМ нарығының және ТЭН шеңберіндегі базалық мұнай химиясының өзекті талаптары негізінде айқындалатын болады.

Сонымен бірге битумдық жобаларды іске асыру қуаттың жылына 980 мың тоннаға ұлғауына әкеп соғады:

Павлодар МХ3 – жаңа пешті іске қосу битум өндірісін 2025 жылы қазіргі 280 мың тоннадан 310 мың тоннаға дейін ұлғайтады;

Caspibitum – Қаражанбас мұнайын өндеуді 2025 жылы жылына 1 млн тоннадан 1,5 млн тоннаға дейін ұлғайту есебінен битум өндіруді жылына 500 мың тоннадан 750 мың тоннаға дейін ұлғайту;

"Batys Bitum" ЖШС, Ақтөбе қаласы – 2026 жылға қарай жылына 700 мың тонна битумға арналған жаңа өндіріс салу, шикізат – Ресей гудроны.

Жаңадан құрыллатын мұнай өндеу және мұнай химиясы F3I алдына қойылған міндеттерді шешу шеңберінде Қазақстан Республикасындағы мұнай өндеу және мұнай

химиясы саласын кешенді зерттеу, өндірісті жақсарту, МӨЗ және МХЗ жаңа қуаттарын кеңейту немесе салудың орындылығын айқындау үшін негізгі сын-қатерлер мен мүмкіндіктерді анықтау қажет.

Сонымен бірге "Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 8 мамырдағы № 542 Жарлығы шенберінде экономиканы кешенді ырықтандыру, оның ішінде еліміздің өнеркәсіптік қаңқасы мен технологиялық және экономикалық өсу нүктелерінің жобаларын іске асыруды қамтамасыз ету үшін ЖЖМ-ға баға белгілеуге қатысты жүйелі шаралар қабылданатын болады.

#### **4.2. Мұнай өндеудің бірыңғай технологиялық цикліне ірі мұнай-газ жобаларын тарту**

Энергетика министрлігі бекітетін МӨЗ өндірісінің арнайы паспорттарында мұнай өнімдерін шығару үшін, оның ішінде 2011 жылы күші жойылған МӨЗ қызметін лицензиялаудың орнына К-4 және К-5 стандарттары бойынша бірыңғай технологиялық цикл болып табылатын технологиялық объектілер мен технологиялық процестердің тізбесі келтіріледі.

К4 және К5 экологиялық сыныптарының АИ-92, АИ-95 және АИ-98 жоғары сапалы автобензинін алу үшін мұнай өндеу өнеркәсібінде детонациялануға қарсы қоспалар қосылған гидратазарту, изомерлеу, каталитикалық крекинг және каталитикалық реформинг сияқты арнайы технологиялық процестер қолданылады. К4 және К5 экологиялық сыныптарының дизель отыны үшін күкірттің массалық үлесі 50 мг/кг және 10 мг/кг аспауы тиіс, бұған гидратазарту процесі арқылы (сутегі коррозиясын болдырмау үшін арнайы материалдық орындалған реакторларда күкірті бар қосылыстарды гидреумен термокatalитикалық өндеу, жоғары және төмен қысымды сепараторлар, құбырлы пештер, сутегі көзі және т.б.) қол жеткізіледі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 қаулысына сәйкес Атырау, Павлодар және Шымкент МӨЗ активтерді басқарудағы мемлекеттік бақылауды сақтай отырып, стратегиялық объектілер болып табылады.

Сонымен қатар "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 22-бабының 1-тармағына сәйкес экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету "мемлекет қоғам мен мемлекеттің энергия ресурстарына деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін энергетикалық тәуелсіздік пен экономиканың жылу-энергетикалық, мұнай-газ және атом-энергетикалық кешендерінің орнықты дамуын қамтамасыз етуге қабілетті олардың нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалу жай-күйін көздейтін энергетикалық қауіпсіздікті" қамтиды.

Жетілдірлген өндіріс паспорты 2022 – 2023 жылдары жүргізілген Атырау, Павлодар және Шымкент МӨЗ-дерінде өндірісті, өнімді сақтауды, әкетуді және өзге де технологиялық процестерді бақылау және қауіпсіздік жүйелерінің аудиті негізінде мынадай бағыттарды көздейді:

мұнай – мұнай дайындаудың технологиялық схемалары, бақылау және есепке алу; технологиялық объектілер – шығындар және отындар, процестерді басқару; мұнай өнімдері – өнімнің қауіпсіздігі мен тиеп-жөнелтілуін бақылау жүйесі.

Қазақстан Республикасындағы мұнай өнімдері нарығын реттеу және жанар-жағармай бағасының диспаритетіне байланысты мерзімді тапшылық жағдайында ішкі нарықты мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету МӘЗ-дің Энергетика министрлігі бекітетін өндірістік бағдарламаны орындауына тікелей байланысты.

Осылайша, ҚМГ және оған тиесілі өндеу активтері еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін сақтауға мүмкіндік береді, бұл ретте 2030 жылдан бастап "жетілген" кен орындарының сарқылуы жағдайында Қазақстанның МӘЗ-дері үшін шикізаттың жетіспеушілігі көзделеді, бұл "Теніз" және "Қашаған" "жана" кен орындарының мұнайын тартуды қажет етеді. ӘҮДҰ елдерінің мысалында МӘЗ-дің мұнаймен қамтамасыз етілуіне өндірілетін мұнайды ішкі және сыртқы нарықтарға жеткізуіндегі тәң табыстылығы есебінен қол жеткізілетін болады. Өз кезегінде, мұнай жеткізілімдерінің тәң табыстылығы ішкі және сыртқы нарықтардағы мұнай өнімдерінің бағаларын теңестіруге әкеп соғады және, демек, мұнай өндіру мен мұнай өндеу көлемдерінің арасындағы арақатынасты 5-тен 3,9-га дейін төмендетеді және бұл мән шекті болмауы керек.

Қазақстанда мұнай өндіру мен өндеудің арақатынасы технологиялық дамыған Сауд Арабиясы мен Канада мысалында жана өндеу қуаттары іске қосылуына қарай жақсарып келеді.

#### **4.3. МӘЗ-ді дамытудың жоғары технологиялық және капиталды қажет ететін жобаларына инвестициялау есебінен тиімді және қауіпсіз жұмыс істеу**

АМӘЗ, ПМХЗ және ШМӘЗ-де кеңейтілген жөндеуаралық кезеңге көшу шенберінде тәуекелге бағдарланған тәсілді пайдалана отырып, "ТОРО", "IBM Maximo" (МӘЗ негізгі қорларын басқару), "Meridium APM GE (өндірістік активтердің сенімділігін басқару)", "Asset Sentinel" (жабдықтың жұмысқа қабілеттілігін бақылау) цифрлық жүйелерін дамыту, статикалық және динамикалық жабдықтардың жай-күйін (датчиктер және датчиктерден инженерлерге ақпарат беру), тауарлық-материалдық құндылықтарға қажеттілік нормалары жөніндегі ұлттық стандарттарды, оның ішінде жоспардан тыс тоқтап қалуларға арналған қосалқы бөлшектерді онлайн диагностикалау жалғасуда.

2023 – 2028 жылдары МӘЗ авариялығын төмендету жөніндегі кешенді жоспарды іске асыру қызмет ету мерзімі 20 жылдан асатын бұрынғы жабдықтың/ жана жабдықтың 60 % /40 % арақатынасы кезінде:

нормативтік құқықтық актілерді, оның ішінде ҚР СТ 3731-2021 "Мұнай және газ өнеркәсібі. Қауіп факторларын ескере отырып, жабдықты техникалық куәландыру"

сақтау, жабдықтар мен құбырларды бұзбай бақылаудың көлемі мен әдістерін айқындастын үйим стандарттарын әзірлеуді;

"Asset management" ISO 55000 тәуекелге бағдарланған стандартын енгізу бойынша озық шетелдік және отандық тәжірибемен алмасуды;

жабдықтардың, сондай-ақ құбырлардың, энергия жабдықтарының, ТПБАЖ бен БӨАЖА-ның 10 мыңға жуық атавын техникалық қайта жарақтандыруды және ауыстыруды (елішілік құндылықты дамытуды ынталандыруға және сатып алуға жоспарланған технологиялық және өзге де жабдықтарды оқшаулауды арттыруға мүмкіндік береді);

катализаторлар мен сорбенттерді ауыстыруды және қайта себуді, қысқы кезеңге дайындық үшін 3 жылдық және кейіннен 4 жылдық жөндеуаралық пайдалану кезеңіне және қысқа мерзімді технологиялық қарапайым кезеңге көшуді;

мамандардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды;

сатып алу рәсімдерін онтайландыруды;

технологиялық жабдықтарды, құбырларды және МӘЗ құрылыштарын жөндеу жұмыстарының сметалық құнын айқындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекітуді талап етеді.

2023 – 2028 жылдар аралығында ағымдағы жөндеу мен жекелеген бөліктерді ауыстыру, қалпына келтіру және реттеу арқылы жабдықтардың жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз етудің сайынғы 25-30 күнінен бөліктерді ауыстыру немесе қалпына келтіру және реттеу арқылы жабдықтардың ресурсын толығымен немесе бастапқы толық ресурсына жақындастып қалпына келтіру мақсатында ұзақтығы 40-45 күн болатын, 3 жылда бір рет жүргізілетін күрделі жөндеуге көшу іс-шаралары жалғастырылатын болады.

#### **4.4. Өсіп келе жатқан экономиканы отандық мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету және мұнай өнімдерін экспорттау**

Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Энергетика министрліктері жыл сайын 285 мың тонна автобензин, 300 мың тонна авиаотын, 450 мың тонна дизель отынын, 280 мың тонна гудрон және 300 мың тонна жол битумын импорттау жоспарларын келіседі.

2018 жылы Атырау МӘЗ өндірген қазақстандық автобензинді Еуропага және Шымкент МӘЗ-ді өндірген бензинді Орталық Азияға экспорттау басталды, бірақ бірінші кезекте елімізде мотор отындарын тұтынудың өсуі жылына орта есеппен 20 %-ға дейін ұлғаюына байланысты қазіргі уақытта ішкі нарықты қамтамасыз ету үшін экспорттау тоқтатылды.

Бұғінгі таңда мынадай мұнай өнімдерін:

– автобензиндерді, авиаотынды және дизель отынын, битумды ішкі нарыққа жеткізу қажеттілігіне байланысты экспорттау жүзеге асырылмайды;

– мазутты экспорттау жүзеге асырылады, өйткені ішкі нарықта оған сұраныс жоқ, бірақ шет елдерде мұнайды терең өндеу процестерінің құнды шикізаты болып табылады: жеңіл мұнай өнімдерін өндіру крекингі, гудрон және болжамдап айтқанда, негізгі жағармайлар өндірісінде вакуумдық айдау.

#### **4.5. ESG мен көміртексіздендіру қағидаттарына сәйкестік**

Jet A-1 авиаотындарын және K5 экологиялық сыныпты мотор отындарын, оның ішінде шағын МӨЗ өндіру ESG-қағидаттарына сәйкестікті қамтамасыз етеді. Мұнай өнімдері мен қозғалтқыштар үшін K6 - K10 неғұрлым экологиялық стандарттарына көшу зерделенуде.

Сонымен қатар нақты уақыт режимінде шығатын газдардағы азот оксиді мен диоксидінің, көміртегі оксидінің құрамын бақылауға, газдардың физикалық параметрлерін өлшеуге мүмкіндік беретін МӨЗ-де эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйелері (бұдан әрі – АЖМ) орнатылады. МӨЗ-дің табиғатты қорғау іс-шараларының кешені шенберінде технологиялық шығындар мен отындардың деңгейін төмендету, тазарту құрылыштарын жаңғырту және кеңейту, суды қайта пайдалануды арттыру және булану өрістерін рекультивациялау кезінде шығарындыларды төмендету, энергия тиімді технологиялар мен материалдарды пайдалану жөніндегі іс-шараларды іске асыру да ESG мен көміртексіздендіру қағидаттарына жатады.

Саладағы көміртексіздендіру процестері кеңейтілген және жана МӨЗ жобалау, салу, іске қосу-реттеу және пайдалануға беру кезінде эмиссиялар мен парниктік газдарды азайту, ең үздік қолжетімді әдістерді енгізу, суды тиімді пайдалану, қалдықтарды орналастыру көлемін азайту және шығарындылардың экологиялық мониторингі сияқты іс-шараларды ескеруге тиіс. Сондай-ақ МӨЗ өкілдерінің бейінді мемлекеттік органдар жұмыс топтарының көміртексіздендіру қағидаттарын үздіксіз іске асыру және жетілдіру жөніндегі қызметіне қатысуы болжанады. K6+ сыныпты мотор отындарының көрсеткіштерін әзірлеу және бейімдеу "Автомобиль және авиациялық бензинге, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыштарға арналған отынға және мазутқа қойылатын талаптар туралы" № 013/2011 КО ТР Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарын өзектілендіру қажеттілігін ескере отырып, автомобиль қозғалтқыштарына қатысты мұнай өндеу және мұнай химиясы F3I мен бейінді мемлекеттік органдарды тартуды қажет етеді.

#### **4.6. Қолданбалы ғылымды дамыту**

Мұнай өндеу саласын дамыту Қазақстан Республикасында мұнай өндеу және мұнай химиясы мамандандырылған салалық F3I құру қажеттілігіне алып келеді.

F3I проактивті міндеттеріне мыналар жатады:

1. Қазақстан Республикасындағы мұнай өндіеу және мұнай химиясы саласын кешенді зерттеу, өндірісті жақсарту үшін негізгі сын-қатерлер мен мүмкіндіктерді анықтау, МӨЗ және МХЗ жаңа қуаттарын салудың орындылығын айқындау.

2. Мұнай өндіеу мен мұнай химиясындағы инновациялық технологиялар мен процестерге бағытталған зерттеу стратегиясын әзірлеу.

3. Әлеуетті бағалау, экологиялық таза және энергия тиімді технологияларды енгізу, қоршаған ортаға әсерді азайту.

4. Қазақстанда енгізу және Орталық Азияда тарату үшін үздік әлемдік практиканы талдау.

5. F3И қызметінің орнықтылығы мен ұзақтығын қамтамасыз ету үшін топ-менеджерлерді, жоғары білікті мамандар мен ғылыми кадрларды даярлау және қайта даярлау бағдарламасын әзірлеу және іске асыру.

6. Тәжірибемен, біліммен және технологиялармен алмасу үшін жетекші халықаралық F3И-мен және компаниялармен әріптестік қатынастар құру жөніндегі шараларды әзірлеу.

7. Салалық нормативтік актілерді, оның ішінде авиациялық және моторлы отындар саласындағы нормативтік құжаттарды, ұлттық стандарттарды әзірлеу (K6 + / Euro-6 +).

8. Зерттеу әзірлемелерін нақты өндірістік жағдайларға енгізу үшін мемлекеттік құрылымдармен және бизнес-қоғамдастықпен өзара іс-қимыл жасау, оның ішінде катализаторлар өндіру, баламалы шикізатты өндиеуге тарту, процестердің тиімділігін арттыру және жалпы мұнай өндіеу мен мұнай химиясының дәстүрлі архитектурасын қайта карау.

9. Тәуелсіз мамандандырылған ұйым ретінде авиаотынды өндіруге рұқсат беру.

Бұдан әрі жұмыстарды ҚМГ мен Қордың комплаенс-рәсімдерін ескере отырып, МӨЗ-дердің нақты міндеттері мен проблемаларын негізге ала отырып, ескеріп, ҚМГ-ның үш МӨЗ бойынша техникалық аудитті F3И жүргізетін болады.

#### **4.7. Нарықты кезең-кезеңімен ырықтандыруды ескере отырып, елдің ЖІӨ арттыру**

2024 жылғы 7 ақпанда Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысы шеңберінде экономиканы кешенді ырықтандыру үшін жүйелі шаралар қабылдау қажеттігін атап өтті.

Сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа сәйкес мүше мемлекеттер отын-энергетикалық кешендердің әлеуетін тиімді пайдалану және ұлттық экономикаларды энергетикалық ресурстардың негізгі түрлерімен қамтамасыз ету мақсатында энергетикалық ресурстарға нарықтық баға белгілеуді қамтамасыз ету негізінде ортақ нарықтарды кезең-кезеңімен қалыптастыруды жүзеге асырады.

Бұл ретте бағалардың шамадан тыс мемлекеттік реттелуіне байланысты Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақ елдері арасында мұнай өнімдеріне ең төмен құны бар

ел болып табылады (айырмашылық 1,1-1,7 есеге жетеді) және, демек, мұнай өнімдерінің ағындары мен тапшылығы ел экономикасына аз үлес қосуға алып келеді. Бақыланбайтын ағындарды жою және МӘЗ дамыту жобаларының экономикалық орындылығын арттыру үшін реттелетін мұнай өнімдерінің (автобензиндер, дизель отыны және авиаотын) бағаларын шектес елдер деңгейіне кезең-кезеңімен жеткізу мәселесі пысықталатын болады.

Алдын ала есептеулер бойынша Шымкент МӘЗ-ін кеңейту жобасы іске асырылған жағдайда мемлекеттік бюджет 2030 – 2045 жылдар кезеңінде 4,3 трлн теңге мөлшерінде салық түсімдері түрінде тікелей пайда алады.

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы үкіметаралық келісім шеңберінде 2030 жылдан бастап "жетілген" кен орындарының сарқылуы жағдайында "Теңіз" және "Қашаған" "жаңа" кен орындарының мұнайын тарту қажеттілігі Шымкент МӘЗ кеңейту жобасының экономикалық орындылығын есептеудегі негізгі мәселе болып табылады.

Қазақстанда мұнай өндіру мен өндеудің арақатынасы Сауд Арабиясы мен Канадаңың технологиялық дамыған мысалында жаңа өндеу қуаттарының іске қосылуына қарай 5-тен 3,9-ға дейін жақсарады және бұл шекті мән болмауга тиіс (2,8-ден 1-ге дейінгі арақатынасқа жеткізу мүмкіндігі қарастырылады).

Қорыта келгенде, 2032 жылы МӘЗ-дің жоғары технологиялық және капиталды көп қажет ететін жобаларын іске асыру есебінен саланың еліміздің ЖІӨ-не қосатын үлесін 0,2-0,35 п.т. ұлғайту жоспарлануда.

#### **4.8. МӘЗ қызметін жақсартудың үздіксіздігі**

2032 – 2040 жылдар кезеңінде Бәсекелестікті қорғау және дамыту және Қаржылық мониторинг агенттіктері сияқты мұдделі мемлекеттік органдардың ұсынымдарын ескере отырып, ірі және шағын МӘЗ қызметін тұрақты және үздіксіз жақсарту жалғастырылатын болады.

Баға белгілеудің биржалық тетігін және сауда-саттық үлесін дамыту, мұнай өнімдерін өндіру, тұтыну және қорларының теңгерімін сақтау жөніндегі шаралар, өнімсіз делдалдарды жою, технологиялық схемалар, өнім желісі және СЭҚ ТН кодтары бойынша өндіріс паспорттарын, 20-40 масс. % өндіру талаптарын қайта қарау және ESG жетілдіру қағидаттарына сәйкестік, технологиялық шығындар мен отындарды азайту шеңберінде жалпы өнім өндіруден K5 және K6 деңгейіндегі акцизделетін мұнай өнімдері есебінен жақсартуға қол жеткізілетін болады.

Шаралар кешенінде бұл тұтынушының мұнай өнімдерін таңдауына сұранысты, ұсынысты және мүмкіндікті нарық талап ететін дамыған елдердің мысалында баға белгілеудің нарықтық тетіктерін дамытуға алып келеді.

Сонымен бірге жұмыс істеп тұрған МӘЗ-дерді, оның ішінде шағын МӘЗ дамыту жобаларын мемлекеттік ынталандыру мәселелері пысықталатын болады.

#### **4.9. Еуразиялық экономикалық одақтың мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын қалыптастыру**

Соңғы шешімдерге сәйкес ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер 2027 жылғы 1 қаңтарға қарай энергия ресурстарының, оның ішінде мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын кезең-кезеңімен қалыптастыруды жүзеге асырады. Бұл ретте ортақ нарықтарды қалыптастыру туралы шарт мүше мемлекеттердің ішкі нарығын, оның ішінде мұнай және мұнай өнімдері қағидаларында:

- 1) тасымалдау жүйелеріне қол жеткізу;
- 2) сауданы;
- 3) биржалық сауда-саттықты қамтамасыз етудің басымдығын айқындайды.

Сонымен бірге мүше мемлекеттердің экономикалық және ұлттық мұдделері мен заңнамасының тенгерімін сақтау көзделген. Ортақ нарықтарды қалыптастыру техникалық мүмкіндіктер шегінде мүше мемлекеттердің аумақтарында мұнай мен мұнай өнімдерін ұзақ мерзімді тасымалдауды кепілдікті жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ бірінші кезекте ЕАЭО елдеріне ЖЖМ-ны артық экспорттауды ескере отырып, 2025 – 2030 жылдар кезеңінде қазақстандық автобензинді, авиаотынды және дизель отынын сақтау орындарының орналасқан жері мен қаржыландыру көздері пысықталатын болады. Мұндай стратегиялық сақтау орындарының болу қажеттілігі "Kazenergy" қауымдастырының ұлттық энергетикалық баяндамасында атап өтілді.

#### **4.10. МӘЗ-дердегі жоспардан тыс тоқтап қалулар мен авариялық жағдайларды азайту жолдары**

Жоспардан тыс тоқтап қалулар мен авариялық жағдайлар санын азайтуға "Asset management" ISO 55000 тәуекелге бағдарланған стандартын енгізу бойынша халықаралық тәжірибелі енгізу арқылы, сондай-ақ:

- МӘЗ жоспарлы-алдын алу жұмыстарын уақтылы жүргізу (ауыстырусыз);
- жабдыққа техникалық қызмет көрсету және қадағалау жөніндегі шараларды жүйелі негізде уақтылы қаржыландыру;
- жаңа объектілерді білікті кадрлармен уақтылы жасақтау;
- МӘЗ-дердің жыл бойы жобалық қуаттан 95-тен 105 %-ға дейін шекті қуатта жұмыс істеуіне жол бермеу;
- жабдықтың есептік қызмет ету мерзімінің 20-25 жылдан асып кетуіне жол бермеу және оны уақтылы ауыстыру;
- сыртқы энергия ресурстарын берудің тұрақтылығы;

– жоспардан тыс тоқтап қалуларды азайту жөніндегі шараларды әзірлеу үшін мұнай өндеу және мұнай химиясы салалық FЗИ құру мен тарту арқылы қол жеткізіледі.

Американдық "Solomon Associates" компаниясының деректері бойынша жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған 400 МӘЗ шығындарының орташа статистикалық көрсеткіші жылына 50 058 мың АҚШ долларына тең, демек, МӘЗ-дің кем дегенде 2019 – 2024 жылдар кезеңінде жөндеу және техникалық қызмет көрсету шығындарын, жабдықтардың жарамдылығына әсер етуін талдау, авариялықты төмендету жөніндегі тиісті шараларды әзірлеу қажет.

## **5-бөлім. Дамудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері**

### **5.1. Негізгі қағидаттар:**

5.1.1) "Қазақстан-2050" стратегиясы шенберінде өнірлік және әлемдік сыйн-қатерлерді ескере отырып, мұнай өндеу саласын орнықты және озыңқы дамыту;

5.1.2) "Теңіз" және "Қашаған" ірі мұнай-газ кен орындарының мұнайын өндеудің бірыңғай технологиялық цикліне тарту, МӘЗ-де "жетілген" кен орындарының мұнайын жеткізу жағдайларын жақсарту;

5.1.3) МӘЗ-ді дамытудың жоғары технологиялық және капиталды көп қажет ететін жобаларына инвестициялау есебінен тиімді және қауіпсіз жұмыс істеу;

5.1.4) өсіп келе жатқан экономиканы отандық мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету;

5.1.5) ішкі нарықта профицит болған жағдайда отандық мұнай өнімдерін экспорттау ;

5.1.6) ESG-қағидаттарға сәйкестік;

5.1.7) желілік алкилбензолдың перспективалық өндірісін қоса алғанда, қолданбалы ғылымды дамыту, базалық мұнай химиясы өндірісін ұлғайту және өнім желісін дамыту ;

5.1.8) еліміздің ЖІӨ-ге қосатын үлесін арттыру.

### **5.2. Негізгі даму тәсілдері**

5.2.1) мұнай өндеу қуаттарын жылына 18 млн тоннадан 29,2 млн тоннаға дейін, оның ішінде Шымкент МӘЗ қуатын жылына 6-дан 12 млн тоннаға дейін, Павлодар МХЗ қуатын жылына 5,5 млн тоннадан 9 млн тоннаға дейін, CaspiBitum жылына 1 млн тоннадан 1,5 млн тоннаға дейін және АМӘЗ қуатын 0,7-1 млн тоннаға дейін ұлғайту есебінен кеңейту жобалары іске асырылатын болады;

5.2.2) АИ-92 автобензинің 150 мың тонна және АИ-95 автобензинің 50 мың тонна, дизель отынының 240 мың тонна стратегиялық қорлары жасалады және Орталық, Оңтүстік пен Оңтүстік-Батыс Азия нарықтарына мұнай өнімдері экспортталады;

5.2.3) жыл сайынғы жоспарлы-алдын алу жұмыстарынан 3 жылдық және кейіннен 4 жылдық жөндеуаралық кезеңге кезең-кезеңімен көшу, МӨЗ авариялылығын төмендету іске асырылатын болады;

5.2.4) мұнайды өндіу тереңдігі 89 %-дан 94 %-ға дейін және одан әрі жоғары деңгейде өндіу үшін базалық мұнай химиясы өнімін өндіру, оның ішінде бензол – жылына 25-тен 140 мың тоннаға дейін және параксилол – жылына 25-тен 500 мың тоннаға дейін, сондай-ақ әлеуетті инвесторлардың кеңейтілетін және жаңа МӨЗ-дің ТЭН отын-мұнай химиясы конфигурациясының жаңа нұсқалары бойынша желілік алкилбензолды перспектиналы өндіру;

5.2.5) 2030 жылдан кешіктірмей жаңа МӨЗ салу жобасы, 2030 – 2032 жылдары жобалау және 2032 – 2040 жылдары салу бойынша шешім қабылданатын болады;

5.2.6) Jet A-1 авиаотындары және K5 және K6 экологиялық сыныптарының мотор отындары, оның ішінде шағын МӨЗ есебінен ESG-қағидаттарға сәйкестік қамтамасыз етілетін болады;

5.2.7) табиғатты қорғау іс-шаралары шеңберінде МӨЗ-дің технологиялық шығындары мен отындарын азайтуға арналған жобалар жүзеге асырылатын болады;

5.2.8) мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаттарында мұнай өндіу және мұнай химиясы салалық F3I қолданбалы ғылымды дамытатын болады;

5.2.9) мұнайды өндеудің қайталама процестерін енгізу есебінен зауыттардың технологиялығы деңгейі немесе Нельсон және MTY индекстерінің деңгейі жоғарылайтын болады;

5.2.10) Шымкент, Атырау, Павлодар МӨЗ және CaspiBitum жоғары технологиялық және капиталды көп қажет ететін жобаларын іске асыру есебінен саланың еліміздің ЖІӨ-ге қосатын үлесі 0,2-0,35 п. т. ұлғайтылатын болады;

5.2.11) мұнайды өндірудің және өндеудің жыл сайынғы көлемдерінің арақатынасы 5 -тен 3,9-ға дейін және одан әрі 2040 жылға қарай 3,9-дан 2,8-ге дейін жақсартылатын болады;

5.2.12) "Конденсат" АҚ-ны жобалық қуаты жылына 850 мың тонна мұнай (ішкі нарық үшін жылына қосымша 221 мың тонна АИ-92 мен АИ-95, дизель отыны – жылына 225 мың тонна) мұнаймен жүктеу мәселесі мен шарттары пысықталатын болады;

5.2.13) Бәсекелестікті қорғау және дамыту және Қаржылық мониторинг агенттіктері сияқты мұдделі мемлекеттік органдардың ұсынымдарын ескере отырып, МӨЗ, оның ішінде шағын МӨЗ қызметін үздіксіз жақсарту, оның ішінде, 2030 жылға қарай өнімдерді жалпы өндіруден 20 – 40 % масс. акцизделетін мұнай өнімдерін өндіре отырып, МӨЗ-дің технологиялық регламенттерін қайта қарау және жетілдіру есебінен жалғасатын болады;

5.2.14) ЕАЭО мұнай өнімдерінің ортақ нарығына дайындық жүргізілетін болады және "Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан

Республикасы Президентінің 2024 жылғы 8 мамырдағы № 552 жарлығы шенберінде халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау қажеттілігін ескере отырып, мұнай өнімдеріне бағалардың көршілес елдермен диспаритеті мәселесі шешілетін болады, бұл "сұр" экспорт пен мұнай өнімдерінің ағынын, мұнай өнімдерінің төмен құнына байланысты МӨЗ жабдықтарына техникалық қызмет көрсету жөніндегі шараларды жеткіліксіз қаржыландыруды және білікті кадрлардың мұнай-газ жобаларына кетуін азайтады.

## **6-бөлім. Нысаналы индикаторлар**

### **Нысаналы 1-индиқатор**

МӨЗ қуаттарын жылына 18 млн тоннадан 29,2 млн тоннаға дейін кеңейту.

Күтілетін нәтиже: 2032 – 2040 жылдар аралығында экономиканың өсіп келе жатқан қажеттіліктерін ЖЖМ-мен 100 % қамтамасыз ету.

#### **Нысаналы 2-индиқатор**

МӨЗ шикізатындағы "Қашаған" және "Теңіз" кен орындарының мұнай үлесін ұлғайту.

Күтілетін нәтиже: МӨЗ шикізатымен 100 % қамтамасыз ету.

#### **Нысаналы 3-индиқатор**

Мұнай өндіру мен өндеу көлемінің арақатынасын 2032 жылды 5-тен 3,9 : 1-ге дейін, 2040 жылды 3,9-дан 2,8 : 1-ге дейін жақсарту және мұнай өндеуді жылына 29,2 млн тоннадан 39,2 млн тоннаға дейін ұлғайту есебінен МӨЗ кеңейту жобаларының экономикалық әсері – 2032 жылды 0,2-0,35 п.т.

Күтілетін нәтиже: еліміздің ЖІӨ құрылымындағы мұнай өндеу үлесі  $> 1,1 \%$ .

#### **Нысаналы 4-индиқатор**

МӨЗ-дің авариялылығын төмендету.

Күтілетін нәтиже: МӨЗ жабдықтарының сенімділігін мен жөндеуаралық кезеңін 1 жылдан 3 жылға дейін арттыру.

#### **Нысаналы 5-индиқатор**

Мұнай өндеу тереңдігін 89 %-дан 94 %-ға дейін ұлғайту.

Күтілетін нәтиже: ЖЖМ-ның мұнай химиясы өнімдерінің және газ химиясы шикізатының қосынша көлемін өндіру.

#### **Нысаналы 6-индиқатор**

Мотор отынының 100 % көлемі сапасын K4 стандартынан K6+ дейін және авиаотының 50 % көлемі сапасын TC-1 стандартынан Jet A-1-ге дейін арттыру.

#### **Күтілетін нәтиже:**

мотор отындарындағы құрамында күкірт және бензол бар қосылыштарды 5 есе және одан да көп төмендету, авиакөлікті тасымалдау мен жанармай құю кезінде қауіпсіздікті арттыру;

Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясы мен ESG-күн тәртібіне сәйкестігі.

Нысаналы 7-индикатор

МӨЗ-дің қызметін ұздіксіз жетілдіру.

Күтілетін нәтиже: МӨЗ тұрақты жұмыс істеуі.

Нысаналы 8-индикатор

МӨЗ-дің технологиялық жарақтану деңгейін арттыру.

Күтілетін нәтиже: жоғары технологиялық саланы құру және МӨЗ-дің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Нысаналы 9-индикатор

2028 жылы бензол өндіруді жылына 25 мың тоннадан 70 мың тоннаға дейін ұлғайту

Күтілетін нәтиже: одан әрі қайта өндеу үшін базалық мұнай химиясы өнімдерін өндіруді ұлғайту.

Нысаналы 10-индикатор

2029 жылы параксиол өндіруді жылына 25 мың тоннадан 250 мың тоннаға дейін ұлғайту.

Күтілетін нәтиже: одан әрі қайта өндеу үшін базалық мұнай химиясы өнімдерін өндіруді ұлғайту.

Нысаналы 11-индикатор

МӨЗ жаңа объектілері өндірістік персоналдың 100 % жасақталуы.

Күтілетін нәтиже: МӨЗ жаңа объектілерін іске қосу үшін өндірістік персоналдың 100 % жасақталуы және білікті кадрлардың мұнай-газ жобаларына кетуін азайту.

Нысаналы 12-индикатор

"Сұр" экспорт пен мұнай өнімдерінің ағынын жылына 42,5 мың тоннадан 1 мың тоннаға дейін азайту және заңды экспорт.

Күтілетін нәтиже: ЕАӘО мұнай өнімдері ортақ нарығының жұмыс істеуіне дайындық.

Қазақстан Республикасының  
мұнай өндеу саласын  
дамытудың  
2025 – 2040 жылдарға арналған  
тұжырымдамасына  
қосымша

**Қазақстан Республикасының мұнай өндеу саласын дамытудың 2025 – 2040 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары**

P/c №	Реформалардың / негізгі			Каржыландастыру көлемі,
-------	-------------------------	--	--	-------------------------

іс-шаралардың атауы	Аяқтау нысаны	Аяқталу мерзімі, жылдар	Жауапты орындаушылар	млрд тенге КҚС-пен	Каржыландыру көздері
---------------------	---------------	-------------------------	----------------------	-----------------------	----------------------

1	2	3	4	5	6	7
---	---	---	---	---	---	---

1-багыт. Экономиканы отандық мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету.

Нысаналы 1-индикатор. МӨЗ қуаттарын жылына 18 млн тоннадан 29,2 млн тоннага дейін кеңейту.

1	Реформа: ішкі нарықты отандық мұнай өнімдерімен қанықтыру. Іс-шара: Caspibitum-ның мұнай өндегу қуаттарын жылына 1 млн тоннадан 1,5 млн тоннага дейін кеңейту	пайдалануға беру актісі	2025, 1 - жарты-жылдық	ЭМ, ҰӘМ, ӨҚМ, ЭТРМ, СІМ, КМ, Қор (келісу бойынша), Kazenergy (келісу бойынша), ҚМГ (келісу бойынша), FЗИ (келісу бойынша)	35,7	Caspibitum-ның меншікті қаражаты
2	Іс-шара: Атырау МӨЗ-інің қайталама мұнай өндегу қуаттарын жылына 5,5 млн тоннадан 6,7 млн тоннага дейін кеңейту	пайдалануға беру актісі	2028, 2 - жарты-жылдық	ЭМ, ҰӘМ, ӨҚМ, ЭТРМ, СІМ, КМ, Қор (келісу бойынша), Kazenergy (келісу бойынша), ҚМГ (келісу бойынша), FЗИ (келісу бойынша)	240	АМӨЗ-дің меншікті және қарыз қаражаты
3	Іс-шара: Шымкент МӨЗ-інің мұнай өндегу қуаттарын жылына 6 млн тоннадан 12 млн тоннага дейін кеңейту	пайдалануға беру актісі	2030, 2 - жарты-жылдық	ЭМ, ҰӘМ, ӨҚМ, ЭТРМ, СІМ, КМ, Қор (келісу бойынша), Kazenergy (келісу бойынша), ҚМГ (келісу бойынша)	3 021	ШМӨЗ-дің меншікті және қарыз қаражаты
4	Іс-шара: Павлодар МХЗ-ның мұнай өндегу қуаттарын	пайдалануға беру актісі	2032,	ЭМ, ҰӘМ, ӨҚМ, ЭТРМ, СІМ, КМ, Қор (келісу бойынша), Kazenergy	1 548	ПМХЗ-нің меншікті және

жылына 5,5 млн тоннадан 9 млн тоннага дейін кеңейту	2 - жарты-жылдық	келісу бойынша), ҚМГ (келісу бойынша)	карыз қаражаты
---	------------------	---------------------------------------	----------------

Нысаналы 2-индикатор. МӘЗ шикізатындағы "Қашаған" және "Теніз" кен орындарының мұнай үлесін ұлғайту.

5	Іс-шара: ірі мұнай-газ к е н орындарының мұнайын өндeуеге тарту	мұнай үлесін біркелкі ұлғайту бойынша Укіметке есептер	2025 – 2032, 1 - жарты-жылдық	ЭМ, ҰЭМ, Каржымині, Қор (келісу бойынша), ҚМГ (келісу бойынша)	тала п етілмейді	тала п етілмейді
---	---	--	-------------------------------	--	------------------	------------------

Нысаналы 3-индикатор. Мұнай өндіру мен өндeу көлемінің арақатынасын 2032 жылы 5-тен 3,9 : 1-ге дейін, 2040 жылы 3,9-дан 2,8 : 1-ге дейін жақсарту және мұнай өндeуді жылына 29,2 млн тоннадан 39,2 млн тоннага дейін ұлғайту есебінен МӘЗ кеңейту жобаларының экономикалық әсері – 2032 жылы 0,2-0,35 П.Т.

6	Реформа: саланың ЖІӨ-ге қосатын үлесін ұлғайту. Іс-шара: АИ-92 – 150 мың тонна және АИ-95 – 50 мың тонна бензиндерін сақтайтын резервуарлар салу	пайдалануға беру актісі	2026 – 2032, 1 - жарты-жылдық	ЭМ, Қор (келісу бойынша), Kazenergy (келісу бойынша), FЗИ (келісу бойынша)	ЖСҚ әзірлеу кезінде айқындалады	жеке қаражат
---	--	-------------------------	-------------------------------	--	---------------------------------	--------------

7	Іс-шара: дизель отынын сақтайтын резервуарлар салу – 240 мың тонна	пайдалануға беру актісі	2027 – 2032, 1 - жарты-жылдық	ЭМ, Қор (келісу бойынша), Kazenergy (келісу бойынша), FЗИ (келісу бойынша)	ЖСҚ әзірлеу кезінде айқындалады	жеке қаражат
---	---	-------------------------	-------------------------------	--	---------------------------------	--------------

8	Іс-шара: құаты жылына кемінде 10 млн тонна болатын жаңа МӘЗ-ді салуға арналған	алдын ала ТЭН/ТЭН	2028 – 2030, 2 - жарты-жылдық	ЭМ, ҰЭМ, ӨКМ, Каржымині, ЭТРМ, СИМ, КМ, Қор (келісу бойынша), Kazenergy (келісу бойынша), ҚМГ (келісу бойынша) немесе	алдын ала ТЭН/ТЭН	жеке қаражат
---	---	-------------------	-------------------------------	---	-------------------	--------------

	алдын ала ТЭН/ТЭН әзірлеу		жекеше инвестор	әзірлеу кезінде айқындалады	
9	Іс-шара: құаты жылына 10 млн тонна болатын жаңа МӨЗ-дің ЖСҚ әзірлеу	ЖСҚ	2030 – 2032, 1 - жарты-жылдық	ЭМ, ҰӘМ, ӨҚМ, Каржымині, ЭТРМ, СІМ, КМ, Кор ( келісу бойынша), Kazenergy ( келісу бойынша), ҚМГ ( келісу бойынша) немесе жеке инвестор	алдын ала ТЭН/ТЭН әзірлеу кезінде айқындалады
10	Іс-шара: құаты жылына 10 млн тонна болатын жаңа МӨЗ салу	пайдалануга беру актісі	2032 – 2040, 1 - жарты-жылдық	ЭМ, ҰӘМ, ӨҚМ, Каржымині, ЭТРМ, СІМ, КМ, Кор ( келісу бойынша), Kazenergy ( келісу бойынша), ҚМГ ( келісу бойынша) немесе жеке инвестор	алдын ала ТЭН/ТЭН әзірлеу кезінде айқындалады

2-бағыт. Отандық мұнай өнімдерінің қосымша ресурсы.

Нысаналы 4-индикатор. МӨЗ-дің авариялылығын төмендету.

11	Реформа: мұнай өнімдерінің қолжетімділігін арттыру және экспорттық әлеуетті дамыту. Іс-шара: МӨЗ жабдықтарының тәуелсіз техникалық аудиті	жабдықтың техникалық аудитінің есебі	2025 – 2029	ЭМ, Кор ( келісу бойынша), ҚМГ ( келісу бойынша), ФЗИ ( келісу бойынша)	тала п етілмейді	тала п етілмейді
	Іс-шара:	жөндеуаралық кезеңнің 1 жылдан 3 жылға дейін	2025 – 2029,	ЭМ, Кор ( келісу бойынша), ҚМГ ( келісу		АМӨЗ-дің, ПМХЗ-дің, ШМӨЗ-дің

12	жөндеуаралы қ кезеңді ұлғайту	ұзартылуы туралы Үкіметке есептер	2 - жарты-жылды қ	бойынша), FЗИ (келісу бойынша)	227	меншікті қаражаты
----	-------------------------------------	--	-------------------------	--------------------------------------	-----	----------------------

Нысаналы 5-индикатор. Мұнай өндіреу тереңдігін 89 %-дан 94 %-ға дейін ұлғайту.

13	Іс-шара: мұнай өндіреу терендердің арптыру бойынша МӨЗ есептерін талдау	МӨЗ мұнай өндіреу терендердің 89 %-дан 94 %-ға дейін ұлғайтуы туралы Үкіметке есептер	2025 – 2040	ЭМ, Кор (келісу бойынша), ҚМГ (келісу бойынша)	тала п етілмейді	тала п етілмейді
----	--	---	-------------	--	------------------	------------------

Нысаналы 6-индикатор. Мотор отынының 100 % көлемі сапасын K4 стандартынан K6+ дейін және авиаотының 50 % көлемі сапасын TC-1 стандартынан Jet A-1-ге дейін арттыру.

14	Реформа: негұрлым экологиялық таза отынга көшу. Іс-шара: сарап паспорттарын а озекті стандарттард ы енгізу	МӨЗ сапа паспорттары	2025 – 2040	ЭМ, ЭТРМ, Кор (келісу бойынша), ҚМГ (келісу бойынша), FЗИ (келісу бойынша)	тала п етілмейді	тала п етілмейді
----	--	-------------------------	-------------	---	------------------	------------------

Нысаналы 7-индикатор. МӨЗ-дің қызметін үздікіз жақсарту

15	Іс-шара: "Конденсат" АҚ қуаттарының жүктелуі	жылына кемінде 425 мың тонна шикізатты өндіреу	2028	ЭМ	тала п етілмейді	тала п етілмейді
16	Іс-шара: МӨЗ-дің пайдалану құжаттамасын қайта қарастыру	технологиялық регламентті әзірлеу, келісу және бекіту жөніндегі бұйрық	2025 – 2040 (5 жыл сайын)	ЭМ	тала п етілмейді	тала п етілмейді

3-бағыт. Қолданбалы ғылымды дамыту.

Нысаналы 8-индикатор. МӨЗ-дің технологиялық жарактандыру деңгейін арттыру.

17	Реформа: қолданыстағы өндіріс жағдайында қолданбалы ғылымды дамыту. Іс-шара:	2027, FЗИ сапа паспорттары	2 - жарты-жылды қ	ЭМ, FЖБМ, Кор (келісу бойынша), ҚМГ (келісу бойынша),	тала п етілмейді	
----	---	----------------------------------	-------------------------	---	------------------	--

	Jet A-1, TC-1 және РТ сертификаттау			РЗИ (келісу бойынша)		тала п етілмейді
18	Реформа: МӨЗ-дің технологиялық ығыденгейін артыру. Іс-шара: технологиялық жағынан күрделі МӨЗ объектілерін енгізу	пайдалануға беру актілері және 10,8+ Нельсон индексі	2025 – 2032, 2 - жарты-жылдық	ЭМ, Кор (келісу бойынша), КМГ (келісу бойынша)	тала п етілмейді	тала п етілмейді

4-багыт. Мұнай-химия өнімдерін ұлғайту.

Нысаналы 9-индикатор. 2028 жылы бензол өндіруді жылына 25 мың тоннадан 70 мың тоннаға дейін ұлғайту.

Нысаналы 10-индикатор. 2029 жылы параксиол өндіруді жылына 25 мың тоннадан 250 мың тоннаға дейін ұлғайту.

	Реформа: базалық мұнай химиясын дамыту. Іс-шара: АМӨЗ-дің отын-мұнай химиясы бейініне көшу	бензол мен параксиол өндіру бойынша Үкіметке есеп	2028 – 2029, 1 - жарты-жылдық	ЭМ, Кор (келісу бойынша), КМГ (келісу бойынша)	тала п етілмейді	тала п етілмейді
20	Іс-шара: ПМХЗ қайталама қуаттарының конфигурациясы бойынша зерттеулер	ТЭН-ді әзірлеу туралы есеп	2029, 1 - жарты-жылдық	ЭМ, Кор (келісу бойынша), КМГ (келісу бойынша)	тала п етілмейді	тала п етілмейді
21	Іс-шара: ШМӨЗ қайталама қуаттарының конфигурациясы бойынша зерттеулер	ТЭН-ді әзірлеу туралы есеп	2029, 1 - жарты-жылдық	ЭМ, Кор (келісу бойынша), КМГ (келісу бойынша)	тала п етілмейді	тала п етілмейді
22	Іс-шара: жана МӨЗ отын-мұнай химиясы конфигурациясын таңдау есебінен	пайдалануға беру актісі және өнімдердің	2030 – 2040,	ЭМ, Кор (келісу бойынша), КМГ (келісу		

мұнай химиясы өнімдерінің желісін кеңейту	сапа паспорттары	1 - жарты-жылдық	бойынша) немесе жеке инвестор	тала п етілмейді	тала п етілмейді
---	------------------	------------------	-------------------------------	------------------	------------------

5-бағыт. МӘЗ жобалары үшін кадрлық әлеуетті арттыру.

Нысаналы 11-индиқатор. МӘЗ жана объектілері өндірістік персоналының 100 % жасакталуы.

23	Реформа: білікті кадрларды тарту үшін жағдайлар жасау. Іс-шара: өндірістік персоналдың 100 % кадр саясаттарын жақсарту	әлеуметтік пакетті жақсарту және кадрлардың тұрақсыздығы н азайту бойынша МӘЗ басқару органдарына жыл сайынғы есептер	2027 – 2040, 1 - жарты-жылдық	ЭМ, Кор (келісу бойынша), ҚМГ (келісу бойынша)	тала п етілмейді	тала п етілмейді
24	Іс-шара: Саланың жұмысшыларын және ғылыми кадрларын, мамандарын, топ-менеджерлерін даярлау және қайта даярлау бағдарламасын әзірлеу және іске асыру	өткен бағдарламаның сертификаты	2028 – 2040, 1 - жарты-жылдық	ЭМ, ҒЖБМ, Кор (келісу бойынша), ҚМГ (келісу бойынша), FZI (келісу бойынша)	тала п етілмейді	тала п етілмейді

6-бағыт. Мұнай өндеу саласындағы трендтерге сәйкестік.

Нысаналы 12-индиқатор. "Сұр" экспорт пен мұнай өнімдерінің ағынын жылына 42,5 мың тоннадан 1 мың тоннаға дейін азайту және заңды экспорт.

25	Реформа. ЕАЭО мұнай өнімдерінің ортақ нарығы жағдайында онтайлы баға белгілеу. Іс-шара: Қазақстан Республикасы заңнамасының мұнай өнімдерінің бағасын қалыптастыру	Ж Ж М бағасын тенестіру бойынша Укіметке есептер	2027, 1 - жарты-жылдық	ЭМ, Кор (келісу бойынша), Kazenergy (келісу бойынша), ҚМГ (келісу	тала п етілмейді	
----	---	--	------------------------	---	------------------	--

	еркіндігін шектейтін нормаларының күшін кезең-кезеңім ен жою			бойынша), FЗИ (келісу бойынша)		тала п етілмейді
26	Iс-шара: Орталық, Оңтүстік және Оңтүстік-Батыс Азия елдеріне K5+ отындарын экспорттау	экспорттың көлемі бойынша Укіметке есептер	2032 – 2040, 1 - жарты-жылдық	ЭМ, Қор ( келісу бойынша), ҚМГ (келісу бойынша) немесе жеке инвестор	тала п етілмейді	тала п етілмейді

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АИ-92, АИ-95	–	жоғары октанды автобензиндер;
Атырау МӨ3, АМӨ3	–	Атырау мұнай өндеу зауыты;
FЖБМ	–	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі;
FЗИ	–	"Д.В. Сокольский атындағы отын, катализ және электрохимия институты" АҚ;
ЕАӘО	–	Еуразиялық экономикалық одақ;
ЖСҚ	–	жобалау-сметалық құжаттама;
ЖІӨ	–	жалпы ішкі өнім;
Kazenergy	–	"Kazenergy" қазақстандық мұнай-газ және энергетика кешені "Кауымдастыры" заңды тұлғалар бірлестігі;
КМ	–	Қазақстан Республикасының Қолік министрлігі;
K4, K5+ және жоғары	–	автобензиндер мен дизель отындарының колданыстағы және перспективалық экологиялық сыйнаптары;
Қаржымині	–	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;
ҚМГ	–	"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы;
Қор	–	"Самұрық-Қазына" акционерлік қоғамы;
МӨ3	–	мұнай өндеу зауыты;
Нельсон индексі	–	МӨ3-дің технологиялық курделілік деңгейі;

ӨКМ	—	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым министрлігі;
Павлодар МХЗ, ПМХЗ	—	Павлодар мұнай-химия зауыты;
CIM	—	Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі;
TC-1, PT	—	реактивті қозғалтқыштарға арналған авиаотын;
ТЭН	—	техникалық-экономикалық негіздеме;
ҰӘМ	—	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;
Шымкент МӨЗ, ШМӨЗ	—	Шымкент мұнай өндірізу зауыты;
ЭМ	—	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі;
ЭТРМ	—	Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі;
CaspiBitum	—	Ақтау битум зауыты;
Jet A-1	—	халықаралық стандарттар бойынша авиаотын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК